БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

222 (9539) | 1954 жылғы 6 ноябрь Сенбі | Шығуына 35 жыл. Жеке саны 20 тыйын.

Көп ұлтты социалистік мемлекеттің күші мен қуатының қайнар бұлағы— еліміздің халықтарының туысқандық достығы жасасын!

(СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына арнаған Ұрандарынан).

СОВЕТ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МЫЗҒЫМАС ДОСТЫҒЫ

Коммунистік партияның басшылығымен Совет мемлекетінде аса күрделі мәселелердің бірі —ұлт мәселесі интернационализм және халықтардың достығы тұрғысынан ойдағыдай шешілді. Халықтардың достығы —көп ұлтты совет адамдары табыстарының қайнар бұлағы болып отыр. Сондықтан да совет адамдары бұл ұлы достықты көздің қарашығындай сақтап, оны барған сайын нығайтуда. Өйткені совет адамдары халықтардың достығы—социалистік Отанымыздың күші мен қуаттылығының негізі, жеңістеріміздің бірденбір кепілі екенін жақсы біледі.

Социалистік Ұлы Октябрь революциясының жеңісі арқасында, Отанымыздың барлық халықтарының туысқандық ынтымағы, ұлы орыс халқының қалтқысыз көмегі арқасында еліміздің басқа республикалары сияқты Советтік Қазақстан да өркендеген өнеркәсібі, механикаландырылған ірі ауыл шаруашылығы және озат мәдениеті бар гүлденген социалистік республикаға айналды. Республикамыздың бұл тамаша табыстарына біздің облысымыздың да әр ұлтты халқы ортақ. Облысымыздың әр ұлтты еңбекшілері ленин-дік-сталиндік ұлт саясатының бұл зор жеңісіне, өздерінің күрделі табысына мақтаныш, қуаныш, сүйіспеншілік сезіммен қарайды.

Достық бір-ақ ауыз сөз. Бірақ бұл аса қасиетті, өте мәртебелі, шынайы сөз. Достық, демек совет халқының достығы—жасампаз ұлы күш. Совет халықтары өздерінің туысқандық ынтымағы, мызғымас бірлігі арқасында бейбіт еңбекте, еліміздің коммунизм орнату жолында күн сайын жаңа табыстарға жетіп келеді. Мұны біздің облыстың өмірінен де, облыс еңбекшілерінің шаруашылық және мәдени құрылыста қол жеткен табыстары туралы күнбе-күнгі хабарлардан да айқын көруге болады.

Бүкілхалықтық іс болып саналып отырған—тың және тыңайған жерлерді игеруде Советтік Қазақстан көрнекті орын алатын болса, біздің облысқа да бұл жөнінде зор үлес тиіп отыр. Облыстың байтақ даласындағы тың және тыңайған жерлерді игеру үшін жаңадан 12 совхоз ұйымдастырылды. Облыстағы совхоздарды түгіс алғанда тың және тыңайған жерлерді игерудің үстіміздегі жылғы жоспары 103 процент, ал колхоздар бойынша 111 процент орындалып отыр. Мұның өзі СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдарының қаулыларын жүзеге асыруда облыс еңбекшілерінің ие болған жаңа табыстарының өн гілерін көрсетіп жүр. Бұл жолдастар біздің алға дамуымыздың қозғаушы күші—социалистік жарыста өздері ғана алда болып қоймай, сонымен қатар өздерінің істес достарының да өндірістік тапсырмаларын аброймен орындап шығуына зор көмек көрсетуде.

Совет адамдарының мызғымас достығына тағы да бір мысал келтірейік. Конюхов ауданындағы «Путь Ленина» колхозында орыс, украин, қазақ, белорус, татар сияқты бірнеше ұлт бар. Солардың барлығы бір тілекте, ұлы Отанымыздың қуаттылығын арттыра беру, колхоздың экономикасын және мәдениетін арттыра беру мақсатында жұмыс істейді. Осы мақсатпен жұмыс істей отырып, бұл колхоздың колхозшылары жыл сайын игі табыстарға ие болып келеді.

Өткен жылы «Путь Ленина» колхозы зор ұйымшылдықтың нәтижесінде 446 гектар тың жерге себілген жаздық бидай егісінің әрбір гектарынан 23,2 центнерден өнім алды. Осындай жоғары көрсеткіші үшін бұл колхоз Бүкілодақтық ауыл-шаруашылық көрмесінің Қазақстан павильонының стендінде көрнекті орын алып отыр. Колхоз быйылғы жылы да бітік егін өсіріп, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты.

Достық дегеніміз—адамдарды бір-бірімен байланыстыратын рухани күш. Адамдар арасындағы достық —өзара көмек, бірінбірі сыйлау қасиеттеріне негізделді. Достық қасиеттерінің қайнар көзі, түпкі негізі жолдастық болып табылады. Міне осы қасиеттерді бойына сіңірген совет адамдары бір-біріне көмектесуді, артта қалғандарды алдыңғы қатарлыларға теңеуді, шаруашылықтың барлық саласында жаппай өрлеу туғызуды өздерінің ардақты борышы деп санайды. Совет адамдарының жолдастық достығының күші де осында.

Коммунистік партия совет адамдарының мызғымас достығын нығайта беруге даналықпен үзбей басшылық жасап келеді. СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына арнаған ұрандарында былай делінген:

Партияның, үкіметтің және халықтың мызғымас бірлігі жасасын!

Бұл айбынды ұраннан Коммунистік партияның, Совет Үкметінің және халқымыздың бір тілекте, бір мақсатта екендігі айқын көрініп отыр. Совет адамдары бұл ұранға өздеріне осындай қамқорлық жасап отырған Коммунистік партия мен

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумында

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1954 жылғы 30 октябрьдегі Указы бойынша көп жылдар бойына мінсіз жұмыс істегені үшін ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің дипломатиялық қызметкерлері ССРО ордендерімен және медальдарымен наградталды.

Наградталғандардың ішінде мыналар бар: Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов жолдас, Министрдің бірінші орынбасарлары А. Я. Вышинский, А. А. Громыко, Министрдің орынбасары В. А. Зорин; Министрліктің коллегия мүшелері С. П. Козырев, М. А. Костылев, В. С. Семенов, С. К. Царапкин, Н. Т. Федоренко, ССР Одағының АҚШ-тағы төтенше және полномочиелі елшісі Г. Н. Зарубин, Великобританиядағы төтенше және полномочиелі елшісі А. Я. Малик, Франциядағы төтенше және полномочиелі елшісі С. А. Виноградов, Герман Демократиялық Республикасындағы төтенше және полномочиелі елшісі Г. М. Пушкин, Италиядағы төтенше және полномочиелі елшісі А. Е. Богомолов, Вьетнам Демократиялық Республикасындағы төтенше және полномочиелі елшісі А. А. Лаврищев, Иран-дағы төтенше және полномочиелі елшісі А. И. Лаврентьев, Түрциядағы төтенше және полномочиелі елшісі Б. Ф. Подцероб, Финляндиядағы төтенше және полномочиелі елшісі В. З. Лебедев, Корей Халық-Демократиялық Республикасындағы төтенше және полномочиелі елшісі С. П. Суздалев; Министрліктің басқарма бастықтары, бөлім меңгерушілері мен қызметкерлері — К. В. Новиков, А. А. Солдатов, Г. Т. Зайцев, А. А. Арутюнян, А. П. Власов, В. М. Хвостов, Г. И. Тункин, Е. Д. Киселев, Г. М. Головкин, Н. С. Жеребцов, Е. А. Адамов жолдастар және басқалары. Барлығы 140 адам ордендермен және 224 адам медальдармен наградталды.

3 ноябрьде Кремльде ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. Е. Ворошилов Москвада тұратын дипломатиялық қызметкерлердің үлкен тобына ССРО ордендері мен медальдарын тапсырды.

ССРО Сыртқы Істер Министрінің бірінші орынбасары А. А. Громыко наградталғандардың атынан үкметке арнап алғыс сөз сөйледі. Басқа мемлекеттермен қарым-қатынастарда Отанымыздың мүдделерін қорғауда үкмет бізге, совет дипломаттарына жауапты участок тапсырғандығын біз мақтан етеміз. Жоғары наградаға жауап ретінде совет дипломаттары бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтау үшін тынбастан күресін отырған Совет Одағының сыртқы саясаты мүдделерін қорғау жөнінде өздерінің алдында тұрған жауапты міндеттерді жүзеге асыру үшін өздерінің барлық күші мен тәжрибесін бұдан былай да жұмсай береді деп, біз үкметімізді сендіреміз.

К. Е. Ворошилов ордендер мен медальдарды тапсырып, наградталғандардың әрқайсысын жылы шыраймен құттықтады және оларға арнаған сөзінде былай деді: дипломатиялық қызметкерлер маңызды және жауапты міндеттерді орындауда —олар сыртқы қарым-қатынас саласында мемлекетіміздің мүдделерін қорғайды. Дипломатиялық қызметкерлерге ерекше сенім көрсетіліп, үлкен жауапкершілік жүктелін отыр. К. Е. Ворошилов Совет Үкметі халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін нығайтуға бағытталған саясатты тынбастан жүргізіп келеді деп атап көрсетті. Бұл саясатты дүние жүзінің барлық елдерінде миллиондаған адамдар қызу мақұлдап, қолдауда. Сондықтан әрбір елдің тәуелсіздігін сақтау және оның суверенді праволарын құрметтеу принциптеріне негізделген халықтардың бейбітшілікпен қатар өмір сүру идеясын жек көретіндер ғана, дүние жүзін сенбеушілік және үрейлендіру жағдайында ұстап, Совет Одағы мен басқа да елдердің коллективтік хауіпсіздік орнатуға және барлық мемлекеттер арасында ынтымақты нығайтуға бағытталған күшін жоюға мүдделілер ғана Совет Үкметінің сыртқы саясатын жек көреді.

Біздің дипломатиямыз—оның өзі шындық, басқа елдермен қарым-қатынастар жасауда шын пейілділік және адалдық деген сөз, біздің дипломатиялық қызметіміз Совет мемлекетінің дәйекті бейбітшіл саясатына сүйенеді. Сондықтан да дүние жүзіндегі барлық адал адамдар бізге сенеді және біздің үніміз шын мәнінде беделді естіледі.

Барлық халықтардың бейбітшілікпен қатар өмір сүруіне негізделген Совет мемлекетінің принциптерін кәзіргі заманғы ауыр жағдайда іскерліктен жүзеге асыру үшін, деді Ворошилов, дипломатиялық қызметкерлерден зор білім мен шын мәніндегі өнер ғана емес, сонымен бірге большевиктік табандылық та талап етіледі.

—Егер мен,—деді К. Е. Ворошилов, — совет дипломатиялық қызметкерлері бұдан былай да Совет Үкметінің бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік үшін күресуге бағытталған сыртқы саясатын лайықты жүзеге асырушылар болады деген сенім білдірсем, мен қателеспеген болармын деп ойлаймын.

К. Е. Ворошилов наградталғандарды жоғары үкмет наградаларын алуымен, Ұлы Октябрь социалистік революциясы 37 жылдығының алдағы мейрамымен құттықтап, олардың күрделі және құрметті дипломатиялық жұмыста онан әрі табыстарға жетуіне тілек білдірді.

Бүкілхалықтық мереке қарсаңында

Москваның заводтары мен фабрикаларында, мекемелері мен оқу орындарында Октябрьдің 37 жылдығына арналған салтанатты жыйналыстар мен кештер өткізілуде.

3 ноябрьде Бірінші подшипник заводының мәдениет Сарайында Жданов ауданы еңбекшілері өкілдерінің салтанатты жыйналысы болды. СОКП Москва Комитетінің секретары Гришин жолдас Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37

Октябрьмен құрдас қала

ДНЕПРОДЗЕРЖИНСК, 4 ноябрь. (СОТА). Металлургтердің, химиктердің, энергетиктердің, вагон жасаушылардың қаласы мерекелік түрге бөленген. Кеше транспорт алаңын әсфальттау аяқталды. Оны көркейтуге миллион сомнан астам қаржы жұмсалды. Жуырда салынған Ново-Запорожская көшесі көп қабатты әсем үйлермен көркейді. Кәзір мұнда өмір гүлдене түсуде. Жаңа пәтерлерге азот заводының химиктері орналасуда.

өздерінің жұмыстан бос уақыттарын 12 клубта, үш кинотеатрда өткізеді.

Трамвай жолдарының ұзындығы бірнеше ондаған километрге жетті. Жеңіл таксилер, автобустар халыққа қызмет етуде.

Қалада барлық жерлерде жаңа құрылыстардың ағаштары көрінеді. Дзержинский атындағы завод металлургтерінің медицина қалашығында әйелдер босанатын үй пайдалануға берілді. 47 тұрғын үй салынып жатыр. Тұрғын үйлерді және

Октябрь мерекесі алдындағы жарыс

Өндірістік тарту

«Галантерейщик» артелінің коллективі Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығын өндірістік жаңа табыстармен қарсы алды. Артель адамдары мереке құрметіне алған міндеттемені ойдағыдай орындап, еңбек өнімділігін арттыра түсті. Өнім сапасын жақсарта беру үшін күреске бүкіл коллектив болып белсене қатысты.

Мемлекеттік өндірістік жоспарды орындау— кәсіпорны үшін бұлжымас заң. Ал біздің артель коллективі өндірістік программаны ай сайын асыра орындап келеді. Өнім шығарудың 10 айға тағайындалған жоспары артель бойынша 108,1 процент болып орындалды. Шығарылатын өнімнің сапасы бұрынғыдан да жақсартылып, өнімнің өзіндік құны 6,7 процент кемітілумен бірге, шикізат пен материал үнемделді.

Социалистік жарыста алған міндеттемелерді орындауда тарақ жасау цехы бірінші орынға шықты. Тарақ жасаушылар октябрь айының өндірістік программасын 140 процент етіп аяқтап, мерекеге лайықты тарту әзірледі.

Сол сияқты, былғары- галантерей цехының коллективі де социалистік жарысты өрістетудің нәтижесінде айлық жоспарды 111 процент орындады. Цех адамдары жоспар бойынша 280 чемодан жасап шығарудың орнына, 430 чемодан шығарып, цех бойынша жақсы көрсеткішке ие болды. Көптеген адамдар сменалық норманы орындауда 150- 200 процентке дейін жеткізді. Мәселен, чемодан жасаушылар Анна Дьяченко, Татьяна Кузнецова, штамп жасаушы Елена Чунихина, тарақ жасаушылар бригадасының бригадирі Сахибжан Давыдов 185 процеттен 221 процентке дейін орындап, еңбек өнімділігін арттыра берудің үлгісін көрсетіп келеді.

М. УШАКОВ,
«Галантерейщик» кәсіпшілік артелінің жоспарлаушысы.

Жаңа совхоздағы құрылыстар

Булаев совхозының жаңадан қоныстанушылары Ұлы Октябрьдің дәстүрлі мерекесін алғашқы рет жаңа жерде еңбектегі зор табыстарымен қарсы алғалы отыр. Бұл күні олар астық шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде Коммунистік партияның алға қойған міндеттерін

маңыздысы болып саналады.

Партиямыздың шақыруы бойынша тың және тыңайған жерлерді игеру үшін облысымыздың колхоздарына, МТС-тері мен совхоздарына туысқан республикалардан ауыл шаруашылығының мамандары — агрономдар мен инженерлер, зоотехниктер мен мал дәрігерлері, слесарьлар мен қожарьлар, тракторшылар мен комбайншылар, барлығы 10 мыңнан астам адам келді. Мұның үстіне колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға қаланың өнеркәсіп, транспорт орындарынан мыңнан астам адам жіберілді. Бұл патриоттар көзір ауыл шаруашылығын алда тұрған ұлы міндеттер дәрежесіне сай өркендете беру жолында бір-біріне туысқандық достықпен жолдастық көмек көрсету арқылы қажырлы еңбек етуде. Осы сияқты облыстағы өнеркәсіп, транспорт орындарында да озат жұмысшылар аз емес.

Шағын двигательдер заводының токарь орыс —Мельников, Образцовая МТС-нің трактор бригадасының бригадирі орыс —Попов, Булаев МТС-нің комбайншысы украин — Хоменко, Возвышен совхозының комбайншысы қазақ —Тілеулесов, сондай-ақ облысымыздың атақты механизаторлары корей— Ким, неміс — Шварц тағы басқа көп жолдастар мауысымдық, жылдық өндірістік тапсырмаларын асыра орындап, еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп отыр.

Совет Үкметінің төңірегіне тығыз топтаса берумен жауап береді. Сонымен қатар олар ұлы Октябрь мерекесіне өндірістік жаңа табыстарымен келуі арқылы жауап берді.

Халықтардың достығы —ұлы күш дедік. Олай болса жергілікті, партия, совет ұйымдары қалада, селода, өнеркәсіп, транспорт орындарында, колхоздарда, МТС-терде, совхоздарда, шаруашылықтың барлық салаларында совет адамдарының достығын, бір-біріне туысқандық көмегін бұдан да жоғары дәрежеде нығайта беру үшін әлі де талмай көп жұмыс істей берулері керек. Бұл жөнінде, әсресе, коммунистерге, комсомолцетерге, партия, совет органдарының басшы қызметкерлеріне, үгітшілерге, насихатшыларға зор міндет жүктеледі. Демек, бұлар жұмысшылардың, колхозшы шаруалардың, советтік интеллигенттердің бір-біріне туысқандық көмегін нығайта отырып, олардың арасында социалистік жарыстың кең өріс алуына, сөйтіп, әрбір кәсіпорында, колхозда, МТС-те, совхозда жылдық өндірістік тапсырмалардың толық және артығымен орындалуына жетісулері қажет.

Көп ұлтты социалистік мемлекеттің күші мен қуатының қайнар бұлағы —еліміздің халықтарының туысқандық достығы жасасын!

К.С.Караваев жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

К. С. Караваев жолдастың туғанына алпыс жыл толуына байланысты және оның Совет мемлекеті алдында сіңірген еңбектері ескеріліп Константин Семенович Караваев жолдас Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль,
4 ноябрь 1954 жыл.

В. И. Ленин Шығармаларын қазақ тілінде басып шығару аяқталды

Қазақтың Мемлекеттік баспасы В. И. Ленин шығармаларының 35-томын қазақ тіліне аударып, баспадан шығарды. Мұнымен В. И. Ленин шығармаларын қазақ тілінде басып шығару толық аяқталды. Орыс тілінде төртінші басылуынан аударуды СОКП Орталық Комитеті жанындағы Маркс— Энгельс —Ленин —Сталин институтының филиалы —Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институты жүзеге асырды.

В. И. Ленин шығармаларының жарыққа шыққан 35 томында оның 2972 шығармасы: фундаменталды еңбектері, мақалалары, баяндамалары, сөздері, хаттары, телеграммалары және тағы басқалары басылып шықты. Олардың ішінде 2588 шығарма қазақ тілінде тұңғыш рет жарияланды. Шығармаларда хронологиялық тәртіп қатаң сақталып орналастырылған

В. И. Ленин шығармаларын қазақ тілінде басып шығарудың аяқталуы —Қазақстан партия ұйымының және бүкіл қазақ халқының өміріндегі ірі оқиға. Көзір республика еңбекшілері В. И. Ленин шығармаларының 35 томының барін де өзінің ана тілінде оқуға мүмкіндік алып отырған жағдайда, оларға марксизм-ленинизм теориясын үйрену жөнінде жемісті еңбек ету үшін жаңа мүмкіншіліктер кеңінен туып отыр.

В. И. Ленин шығармаларын аудару қазақ тілін көптеген жаңа ұғымдармен, терминдермен, образды сөздермен байытады, қайта туған қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетіне қосылған зор үлес болып табылады және оның онан әрі өркендей беру ісіне баға жетпес қызмет көрсетеді.

(СОТА).

жылдығы туралы баяндама жасады.

Сталин атындағы автомобиль заводының мәдениет Сарайына Пролетар ауданының кәсіпорындары мен мекемелерінің мыңнан астам жұмысшылары мен қызметшілері жыйналды. СОКП Москва Комитетінің секретары Демянцев жолдас баяндама жасады.

Молотов ауданының партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының өкілдері метро құрылысының мәдениет Сарайында өткізілген, Сокольническ ауданы еңбекшілерінің өкілдері Русаков атындағы клубта өткізілген салтанатты жыйналысқа қатысты.

Мерекелі кештер «Трехгорная мануфактура» комбинатында, Войтович атындағы, АТЭ—2 заводтарында және басқа да кәсіпорындарда өтті.

(СОТА).

ТЫҢ ЖӘНЕ ТЫҢАЙҒАН ЖЕРЛЕР ИГЕРІЛЕТІН АУДАНДАРДАҒЫ АСХАНАЛАР МЕН ШАЙХАНАЛАР

РСФСР-дің тұтынушылар кооперациясы селодағы көпшілікті тамақтандыру кәсіпорындарының сегін кеңейтуде. Көзір республикада 11 мыңға жуық асхана, суық тамақ ішетін жерлер және төрт мың буфет бар.

Үстіміздегі жылы тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандардың көпшілігінде бір мыңнан астам жаңа асханалар мен шайханалар ашылды. Олардың едәуір бөлегі совхоздар мен машина-трактор станцияларына берілген күрделі үйлерге орналастырылған.

(СОТА).

Днепродзержинскийдегі Октябрьдің құрылысы. Революцияға дейінгі—Каменск селосында екі мектеп және бір аурухана болатын. Онда су проводы, тегістелген жолдар, көшеде жарық болмайтын.

Көзір индустрияльды қалада—40 мектеп, кешкі металлургия институты, төрт арнаулы орта оқу орны бар. Еңбекшілер мәдени-ағарту мекемелерін газификациялау жөнінде үлкен жұмыстар жүргізілуде.

Днепродзержинскийде тек қана тұрғын үйлер мен коммуналдық құрылыстарға үстіміздегі жылы 100 миллион сомға жуық қаржы жұмсалады.

Сталинград су электр станциясының құрылысында

ВОЛЖСКИЙ, 4 ноябрь. (СОТА). Мерекелдындағы күндерде «Сталинградгидростройдың» көптеген участоктерінің қызметкерлері жылдық жоспарды орындағандықтары туралы рапорт берді.

Он ай ішінде «Сталинградгидростройдың» бойынша тұтас алғанда жоспар 103 процент орындалды. Өте маңызды объектілер мерзімінен бұрын қатарға қосылуда. Бірінші кезектегі арматур және қуатты автомобиль жөндеу заводы пайдалануға берілді.

Волга арқылы аспалы жол құрылысы аяқталып келеді. Жұйрда оң жақ жиектен сол жақ жиектегі бетон заводтарына цемент, құм және басқа да құрылыс материалдары осы магистраль арқылы жеткізілетін болады. Бір сағат ішінде бұл жол арқылы 900 тоннаға дейін түрлі жүктер өткізіледі.

Су электр станциясының котлованында кәзір электриктерді, арматуршыларды жиі кездестіруге болады. Бірнеше экскаваторлар мен автосамосвалдар ақырғы мыңыншы текшеметр жерді қазуда және тасуда.

Мереке құрметіне еңбек сыйлықтары

ТАЛЛИН, 4 ноябрь. (СОТА). Таллиннін өнеркәсіп орындарының коллективтері Ұлы Октябрьдің 37 жылдығын еңбекте жаңа табыстармен қарсы алуда. Соңғы айда жоспардан тыс миллион сомның өнімін берген электр моторларын жасайтын «Вольта» заводы жарысушылардың алдында келеді. Ноябрьде завод жоспардан тыс тәулік сайын сегіз ірі электр двигательдерін шығарады.

Таллиннің машина жасау заводында бүгін газ өнеркәсібіне арналған барабанды кептіргіш дайындау мерзімінен бұрын аяқталды. Бұл—мыңдаған бөлшектерден құралған, салмақтығы 100 тоннадан асатын агрегат.

Мереке қарсаңындағы күндерде балық комбинаты, жолаушылар және жүк вагондары депосы және басқа да кәсіпорындары бір жылға белгіленген тапсырманы орындап шықты.

жылдық қол жеткен табыстарын есепке алмақшы.

Бұдан жарты жыл бұрын түзды «Майбалық» көлінің жағасында бірнеше палаткалар ғана болатын. Кәзір мұнда үлкен жаңа поселка пайда болды. Көшелердің бойына 30-дан астам жаңа үйлер салынды. Орталықта электр станциясы жұмыс істейді. Барлық үйлерге электр жарығы орнатылды. Сол сияқты, радио торабы орнатылып, телеграф жолы тартылды. Селоның бір жақ шетіне астық қоймалары салынды. Оларда келесі жылдың егісі үшін 20 мың центнерден астам жоғары кондициялы тұқым сақталуда.

Төрт гектарлық алаңға әртүрлі ағаш отырғызылып, 18 мыннан астам жидек-жеміс және басқа шырша ағаштарының түптері өсірілуде. Мұнда құрылыс жұмысы қызу қарқынмен жүргізілуде. Артезиян құдығы, 130 орынға арналған клуб үйінің, жаңа аурухананың, нан пісіретін үйдің, мастерскойлардың және мал қораларының құрылыстары аяқталып келеді.

Құрылыс жұмысында коммунист Мухин басқаратын құрылысшылар бригадасы ұйымшылдықпен еңбек етіп жүр. Олар 35 жұмыс күні ішінде 12 стандартты құрамалы үйлерді орнатты. Ал, Опальков жолдас басқаратын бригаданың мүшелері де 6 пәтер үйдің және сыйымдылығы 10 мың центнерлік астық қоймасының құрылысын аяқтады.

Жаңа астық совхозының коллективі көктемгі дала жұмыстарына қызу әзірлік жұмыстарын осы бастан қолға алуда.

Р. ҚАСЕНОВ.



СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА
Қарағанды. «Карагандауголь» комбинатының № 101 шахтасы.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Ұлы Октябрьдің туы астында

Бұдан отыз жыл бұрын Россияның жұмысшы табы еңбекші шаруалармен одақтаса отырып, Коммунистік партияның басшылығымен қанаушылар таптарының өкметін құлатты, сөйтіп, дүние жүзінде жұмысшылар мен шаруалардың тұңғыш социалистік мемлекетін құрды. Адамзат тарихында жаңа заман, капитализмнің күйреу және коммунизмнің салтанат құру заманы басталды. Ондаған жылдар бойындағы тарихи оқиғалардың бүкіл барысы Ұлы Октябрьдің жеңілмеуі идеяларының өмірге ұлы бейімділігі мен мызғымас күштерін тамаша дәлелден отыр. Социализм орнатып, социализмнен коммунизмге қарай табыспен өтіп келе жатқан совет халқының дүниежүзілік тарихи табыстары, Европа мен Азияның бірқатар елдерінің империализм системасынан бөлініп шығып, социализм құрылысы жолына түсуі, бейбітшіліктің, демократия мен социализмнің Совет Одағы бастаған қуатты лагерінің құрылуы, капиталистік елдерде жұмысшылар қозғалысының, отар және тәуелді елдерде ұлтазаттық қозғалысының мейлінше өріс алуы — мұның бәрі Ұлы Октябрь социалистік революциясының ұлы революциялық және қайта жасаушылық ролінің мейлінше айқын сипаттамасы болып табылады.

* * *

Совет мемлекетінің өмір сүруінің әрбір жылы социалистік құрылыстың қуатты жемісті күштерінің, Маркстің —Энгельстің —Ленинніңі—Сталиннің ұлы ілімінің салтанат етуінің барған сайын жаңа сипаттамаларын тудыруда. Ұлы Ленин құрған Коммунистік партия совет халқының творчестволық жұмысын сеніммен бастауда, оны коммунизмді табыспен құруға жігерлендіруде.

Совет өкметі өмір сүре бастағаннан бергі өткен отыз жеті жыл партия мен Совет Үкметінің өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын күшті қарқынмен жаңадан өркендетуді, еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған қарарларын орындау жолындағы күрес ұранымен өтті. Бұл жолда елеулі табыстарға қол жетті. Үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында барлық өнеркәсіптің жалпы өнімі 1953 жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 14 процент артты. Әсресе ауыр өнеркәсіп ірі табыстарға ие болды, оның бірқатар салалары алғашқы жартыжылдықта өнімді жоспарда көрсетілгендегіден көп берді.

Халық тұтынатын тауарлар өндіру кеңінен өріс алды. Үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда жүн маталар 19 процент, жібек маталар 57 процент, былғары аяқкиімдер 10 процент артық өндірілді. 1953 жылдың алғашқы жартысымен салыстырғанда 1954 жылдың алғашқы алты айында мемлекеттік және кооперативтік сауда арқылы халыққа тауардың 21 процент артық сатылуы еңбекшілердің материалдық дәрежесінің арттандығын дәлелдейді.

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің директиваларына сәйкес ауыл шаруашылығын жаңадан мықтап өркендетуді, астық өндірісін арттыруды қамтамасыз ету, тың және тырының аса бай тәжрибесі бар екендігі жөнінде дәлелдейді. Көрмеде болған миллион еңбекшілер оған қатынасушылардың жақсы тәжрибелерін еліміздің барлық түкпірлерінде насихаттауда.

1954 жыл совет ғылымын дамытуда жаңа табыстарға қол жетьен жыл болды. Дүние жүзінде тұңғыш рет біздің елде атом қуатымен жұмыс істейтін өнеркәсіп электр станциясының іске қосылуы және Арктиканың Орталық ауданында көшпелі мұздарда біздің ғылми экспедицияларымыз жүргізіп жатқан кең көлемдегі ғылми жұмыстар сияқты фактілер бұл жөнінде айқын дәлелдейді.

Халықтар достығы біздің мемлекетіміздің қуатты қозғаушы күші болып табылады. Быйылғы жылы ССРО халықтары Украинаның Россияға қайта қосылуына 300 жыл толуы сияқты ұлы ұлттық мерекені мейрамдап, барлық советтік социалистік ұлттардың туысқандық достығының мызғымайтындығын салтанат етті. Коммунистік партияның ұлт саясатының тамаша табыстары жүйрда Совет Одағының барлық халықтарымен бірге Тәжік ССР-нің ширек ғасырға толғандығын атап өткен тәжік халқының тәжрибесінен айқын көрінді.

Еліміздің еңбекшілерінің материалдық әл-ауқатының жоспарлы түрде өркендеуі быйылғы жылдың аса маңызды қорытындыларының бірі болып табылады. Бұл бәрінен де: колхоздар мен колхозшылардың мемлекетке міндетті түрде тапсыратын өнімдерінің кемітілуінен де, ауыл шаруашылық салығының азайтылуынан да, үстіміздегі жылдың 1 апрелінде белшек сауда бағасының арзандатылуынан да, товар айналымының кеңейтілуінен де, бюджеттен әлеуметтік -мәдени шараларға көп қаржы бөлінуінен де, халық тұтынатын тауарлар өндірісінің арттырылуынан да аңғарылып отыр.

Совет адамдары өзінің ұлы табыстарын орынды түрде мақтан етеді. Бірақ олар қол жеткен табыспен тынбайды. Еліміздің коммунизмге қарай табыспен алға бастырулы қамтамасыз ету үшін әлі де көп маңызды міндеттерді шешуге тура келетіндігін еңбекшілер біледі. Совет адамдары Коммунистік партияның басшылығымен өзінің күш-жігерін партия мен үкмет алға қойған коммунистік құрылыс міндеттерін шешуге жұмылдырады.

Халықтық демократия елдерінің еңбекшілері Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығын тамаша табыстармен қарсы алғалы отыр. Бұл елдер Совет Одағының туысқандық көмегіне сүйене отырып және оның аса бай творчестволық тәжрибесін пайдалана отырып, социализм жолында ойдағыдай дамуда. Ұлы қытай халқы өкметті өз қолына алып, елде зор революциялық демократиялық өзгерістерді жүзеге асыруда, Қытайды аграрлы елден индустриялы елге айналдыру жөніндегі ұлы программаны жүзеге асыруда. Халық өкілдерінің жуырда болып өткен Бүкілқытайлық жиналысы Қытай Халық Республикасының Конституциясын қабылдады, онда қытай халқының қол жеткен ұлы табыстары бекітілген және Қытайда социалистік шаруашылық салығының азайтылуынан да, үстіміздегі жылдың 1 апрелінде белшек сауда бағасының арзандатылуынан да, товар айналымының кеңейтілуінен де, бюджеттен әлеуметтік -мәдени шараларға көп қаржы бөлінуінен де, халық тұтынатын тауарлар өндірісінің арттырылуынан да аңғарылып отыр.

Совет адамдары өзінің ұлы табыстарын орынды түрде мақтан етеді. Бірақ олар қол жеткен табыспен тынбайды. Еліміздің коммунизмге қарай табыспен алға бастырулы қамтамасыз ету үшін әлі де көп маңызды міндеттерді шешуге тура келетіндігін еңбекшілер біледі. Совет адамдары Коммунистік партияның басшылығымен өзінің күш-жігерін партия мен үкмет алға қойған коммунистік құрылыс міндеттерін шешуге жұмылдырады.

Халықтық демократия елдерінің еңбекшілері Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығын тамаша табыстармен қарсы алғалы отыр. Бұл елдер Совет Одағының туысқандық көмегіне сүйене отырып және оның аса бай творчестволық тәжрибесін пайдалана отырып, социализм жолында ойдағыдай дамуда. Ұлы қытай халқы өкметті өз қолына алып, елде зор революциялық демократиялық өзгерістерді жүзеге асыруда, Қытайды аграрлы елден индустриялы елге айналдыру жөніндегі ұлы программаны жүзеге асыруда. Халық өкілдерінің жуырда болып өткен Бүкілқытайлық жиналысы Қытай Халық Республикасының Конституциясын қабылдады, онда қытай халқының қол жеткен ұлы табыстары бекітілген және Қытайда социалистік революция туғызған жаңа мемлекеттік құрылыс негізінің орнатылуы, Қытайдың Ұлы Қытай Халық Республикасы ретінде дүниежүзілік тарихи табыстарды, Европа мен Азияның бірқатар елдерінің империализм системасынан бөлініп шығып, социализм құрылысы жолына түсуі, бейбітшіліктің, демократия мен социализмнің Совет Одағы бастаған қуатты лагерінің құрылуы, капиталистік елдерде жұмысшылар қозғалысының, отар және тәуелді елдерде ұлтазаттық қозғалысының мейлінше өріс алуы — мұның бәрі Ұлы Октябрь социалистік революциясының ұлы революциялық және қайта жасаушылық ролінің мейлінше айқын сипаттамасы болып табылады.

* * *

Совет мемлекетінің өмір сүруінің әрбір жылы социалистік құрылыстың қуатты жемісті күштерінің, Маркстің —Энгельстің —Ленинніңі—Сталиннің ұлы ілімінің салтанат етуінің барған сайын жаңа сипаттамаларын тудыруда. Ұлы Ленин құрған Коммунистік партия совет халқының творчестволық жұмысын сеніммен бастауда, оны коммунизмді табыспен құруға жігерлендіруде.

Совет өкметі өмір сүре бастағаннан бергі өткен отыз жеті жыл партия мен Совет Үкметінің өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын күшті қарқынмен жаңадан өркендетуді, еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған қарарларын орындау жолындағы күрес ұранымен өтті. Бұл жолда елеулі табыстарға қол жетті. Үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында барлық өнеркәсіптің жалпы өнімі 1953 жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 14 процент артты. Әсресе ауыр өнеркәсіп ірі табыстарға ие болды, оның бірқатар салалары алғашқы жартыжылдықта өнімді жоспарда көрсетілгендегіден көп берді.

Халық тұтынатын тауарлар өндіру кеңінен өріс алды. Үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда жүн маталар 19 процент, жібек маталар 57 процент, былғары аяқкиімдер 10 процент артық өндірілді. 1953 жылдың алғашқы жартысымен салыстырғанда 1954 жылдың алғашқы алты айында мемлекеттік және кооперативтік сауда арқылы халыққа тауардың 21 процент артық сатылуы еңбекшілердің материалдық дәрежесінің арттандығын дәлелдейді.

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің директиваларына сәйкес ауыл шаруашылығын жаңадан мықтап өркендетуді, астық өндірісін арттыруды қамтамасыз ету, тың және тырының аса бай тәжрибесі бар екендігі жөнінде дәлелдейді. Көрмеде болған миллион еңбекшілер оған қатынасушылардың жақсы тәжрибелерін еліміздің барлық түкпірлерінде насихаттауда.

1954 жыл совет ғылымын дамытуда жаңа табыстарға қол жетьен жыл болды. Дүние жүзінде тұңғыш рет біздің елде атом қуатымен жұмыс істейтін өнеркәсіп электр станциясының іске қосылуы және Арктиканың Орталық ауданында көшпелі мұздарда біздің ғылми экспедицияларымыз жүргізіп жатқан кең көлемдегі ғылми жұмыстар сияқты фактілер бұл жөнінде айқын дәлелдейді.

Халықтар достығы біздің мемлекетіміздің қуатты қозғаушы күші болып табылады. Быйылғы жылы ССРО халықтары Украинаның Россияға қайта қосылуына 300 жыл толуы сияқты ұлы ұлттық мерекені мейрамдап, барлық советтік социалистік ұлттардың туысқандық достығының мызғымайтындығын салтанат етті. Коммунистік партияның ұлт саясатының тамаша табыстары жүйрда Совет Одағының барлық халықтарымен бірге Тәжік ССР-нің ширек ғасырға толғандығын атап өткен тәжік халқының тәжрибесінен айқын көрінді.

Еліміздің еңбекшілерінің материалдық әл-ауқатының жоспарлы түрде өркендеуі быйылғы жылдың аса маңызды қорытындыларының бірі болып табылады. Бұл бәрінен де: колхоздар мен колхозшылардың мемлекетке міндетті түрде тапсыратын өнімдерінің кемітілуінен де, ауыл

мыстар істелді. Бұл жерлерде өбден жетілдірілген машина техникаларымен жабдықталған 124 жаңа ірі астық совхоздары ұйымдастырылды. 150 мыңнан аса совет патриоттары тың жерлерге барды. Кәзірдің өзінде ол жерлерде 3.600.000 гектар аланда бітік егін өсірілді.

1954 жылы Москвада Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің ашылуы ауыл шаруашылығын өркендету үшін зор мүмкіншіліктер бар екендігі жөнінде және колхозды деревня еңбекшілерінің қалың көпшілігінің игілігі болуға тиіс ауылшаруашылық өндірісі жаңашылдаған.

Біртұтас, тәуелсіз, демократиялық және бейбітшіл Германияны құру жолындағы күрестің сенімді тірегі болып отырған Герман Демократиялық Республикасы экономика мен мәдениетті дамытуда, демократиялық құрылысты нығайтуда елеулі табыстарға ие болды. ГДР өнеркәсібінің социалистік сектор болып саналатын халықтық және кооперативтік кәсіпорындары республиканың бүкіл өнеркәсіп өнімінің бестен төрт бөлегінен астамын шығарады. Еңбекшілердің материалдық әл-ауқат дәрежесі едәуір көтерілді. Республикадағы жұмысшы-шаруалардың үшін күрестің тірегі деп білген барлық прогрессіл адамзат тарапынан қызу қолдау табуда.

Совет адамдары Совет өкметі 37 жылда өткен күрес пен жеңістің даңқты жолына мақтанышпен қарап, біздің барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы —Совет Одағының ұлы Коммунистік партиясына көз тігеді.

Маркстің — Энгельстің — Лениннің— Сталиннің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы коммунизмге қарай сеніммен алға басуда!

Н. ВЛАДИМИРОВ.

ТІГІНШІЛЕР ТАРТУЫ

«Комсомолка» тігін фабрикасының коллективі Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесіне жақсы тартулармен келді. Олар мереке қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштасып, октябрь айындағы жалпы өнім шығару жоспарын 105 процент орындауға міндеттенген болатын. Фабрика коллективі өзінің бұл міндеттемесін 113,7 процент етіп, артығымен орындап шықты. Жоспарын 127 процент орындаған № 1 цехтың озат тігіншілері фабрика бойынша бірінші орынға ие болды.

А. НЕЗНАЕВА.

ауданда жетіжылдық мектепті бітіргеннен кейін колхоз фермасында жұмыс істеді. Комсомол ұйымы оған сыйыр фермасының таңдаулы қызметкері деп мінездеме берген. Қыз мұнда да өндіріс озаты.

Енді бригадир қыз Валя Пискуновамен толығырақ танысайық. Ол заводқа желімдеуші болып орналасқалы бес жылдай болды. Ол өндіріс озаты ғана емес, қоғам жұмысына белсене қатысушы комсомолка. Оның бірден көзге түсетін ерекшеліктері—білімге, жаңалыққа құштарлық, еңбек сүйгіштік.

Міне, сондықтанда ол өз мамандығын тез меңгеріп кетті. Валяның тағы бір ерекшелігі—басқаларды да өзінің сонынан ерте білетіндігінде. Артта қалған бригадаға оны бригадир етіп белгілеу сөз болғанда, цех басшылары Валяның еңбек сүйгіштігімен бірге, оның қажетін де еске алған болатын. Валя Пискуновамның озат бригаданың үлгілі басшысы

раны өзім басқарып, жылылық температурасын қатты бақылаймын.

Мен басқарған бригаданың қыздары түгел еңбек сүйгіш және өздерінің мамандығын игерген десем қателеспеймін. Ал еңбекті жақсы көріп істеген жұмысшының коллектив пен қоғамға пайда келтіргенін көрсеңіз, ол сіз үшін бақыт; осы себепті еңбегіңнің жоғары өнімді болуы үшін күш-жігеріңді іріккің келмейді. Отан алдындағы борышың қажырлы еңбекпен өтеу үшін күресте біздің бригада мүшелерін осы сезім өндірістік жаңа жетістіктерге ұмтылдырып отырады.

Социалистік жарыс біздің табысымыздың ең негізгі себебі болып отыр. Біз социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің орындалуына үнемі ерекше көңіл бөліп отырамыз. Сондықтан оның әсері де күшті болып келеді.

Т. БЫЧКОВА.

Астық өндіруді арттыру жолындағы күресте

Қазақстанның кең даласы—батыстан шығысқа қарай және солтүстіктен оңтүстікке қарай егіндік қара топырақты, тамаша қызыл қоңыр топырақты және қоңыр қызғылт топырақты жүздеген километр жерді алып жатыр. Осы ондаған мың гектар жерлер жылдар бойына құлазыған дала болып бос жатты.

Партияның шақыруымен осы байлықты Отанымыздың игілігіне пайдалану үшін тамаша совет патриоттары, жас өтүзиазистар өткен көктемде бозды кең далаға келді. Олар далада алғашқы шатырларды тікті. Алғашқы бороздалар тартылды. Сөйтіп, тракторлар тыңға шабуылды бастан сайын кеңінен өрістете берді.

Қазақ ССР Совхоздар министрлігінде Қазақ ССР-ініңүлкен картасы бар. Онда совхоздар әр түсті бояулармен белгіленген: ескі, үстіміздегі жылға дейін болған совхоздар—қоңыр түсті, жаңа, тың және тыңайған жерлерде бұрын құрылған совхоздар— қызыл түсті бояумен белгіленген. Мұндай қызыл түсті бояумен белгіленген совхоздар 93.

Қазақ ССР Совхоздар министрі М Д. Власенко ҚазТАГ-тың тілшісімен әңгімелескенде мынаны айтты:

—СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдары еліміздің алдына аса зор міндет — ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендетуді, ең алдымен, астық өндіруді мықтап арттыруды қамтамасыз ету міндетін қойды.

Астық шаруашылығы —бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі. Партия елімізде астықтың жалпы өнімін арттырудың жолдарын көрсетіп берді. Бұл жол—дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру жаңа жерлерді игеру есебінен дәнді дақылдар егісінің көлемін ұлғайту үшін күресу.

Коммунистік партия мен Совет үкметі Қазақстанның совхоздары үшін негізінен республиканың солтүстік-шығыс облыстарында 1954 жылы көктемде 2 миллион 236 мың гектар тың және тыңайған жер жырту жоспарын белгіледі. Егіске жарамды жерлерді анықтау үшін жерге орналастырушылардың, топырақ зерттеушілердің, агрономдардың және гидротехниктердің арнаулы экспедициялары мен отрядтары құрылды. Бұл отрядтар төрт миллион гектардан аса жерді зерттеп, дәнді дақылдар өсіруге жарамды 2,5 миллион гектарға жуық тың жер бар екенін анықтады.

Үкметтің қарары бойынша бұл жерлерде жаңадан 93 астық совхозы ұйымдастырылған болатын. Олардың ішінен Ақмола облысында—27 совхоз, Көкшетау облысында—25 совхоз, Солтүстік Қазақстан облысында — 12 совхоз, Қостанай облысында—19 совхоз, Қарағанды облысында—6 совхоз және Павлодар облысында—4 совхоз құрылды. Жаңа шаруашылықтарға 1 миллион 641 мың гектар жер ағны, шамамен, әрқайсысы 20—25 мың гектардан тың игеруі тиіс болды.

Ескі және жаңа совхоздар бұл міндетті ойдағыдай орындады. Тың жерлерді жырту жоспары едәуір артығымен орындалды. Тапсырмадан тыс жарты миллион гектарға жуық тың көтерілді.

Жаңа астық шаруашылықтары, тың және тыңайған жер жырту жөніндегі тапсырманы орындаумен қатар, өткен көктемде көтерілген тыңға 82 мың гектар дәнді дақылдар екті. Егіннен мол өнім алынды. Мысалы, Павлодар облысындағы Ленин атындағы совхоз егіннің әр гектарынан орта есеппен 15 центнерден, ал көршілес Абай астық совхозы — 14 центнерден астық алды. Көптеген жаңа совхоздар картоп, овощь екті, жеміс бауларын жасады.

Жаңа жерлерді игеру жөніндегі аса маңызды мемлекеттік тапсырманы ойдағыдай орындауға республика совхоздарына партия мен үкметіміз көрсеткен орасан зор көмектің нәтижесінде қол жетті. Қазақстанның совхоздары быйыл төрт мыңдай қуатты дизель тракторларын алды. Трактор паркі екі есеге жуық көбейді. Жүк автомашиналарының саны да екі есе артты. Совхоздар 1.250-ден аса комбайндар, көптеген басқа ауылшаруашылық техникасын алды.

Қазақстанда жаңа совхоздардың құрылысына және оларды энергетикамен жабдықтауға 1 миллиард сомнан аса қаржы жұмсалады.

Тың және тыңайған жерлерді игеру бүкілхалықтық іске айналды. Партияның шақыруымен Қазақстанның жаңа совхоздарына еліміздің барлық түпкірлерінен —Россия Федерациясынан, Украинадан, Белоруссиядан, Молдавиядан және басқа туысқан республикалардан —45 мың жұмысшылар мен мамандар келді. Тек тракторшылар мен комбайншылардың өзінен ғана 10 мыңнан аса адам келді.

Әрбір жаңадан қоныстанушы бұрынғы жұмыс істеген жеріндегі үш айлық жалақысы мөлшерінде бір жолдық ақшадай көмек алды және көшіп-қонуының шығынын төленді. Жаңа совхоздардың қызметкерлеріне екі жыл бойына негізгі жалақысына 15 процент үстеме ақы төленеді. Ауылшаруашылықтық мамандығы жоқ адамдарға арналып механизаторлар курсы ұйымдастырылды. Бұл курстар 5,5 мыңнан аса тракторшылар мен комбайншылар даярлады.

Жаңа совхоздарды ұйымдастыру жұмысы қиын жағдайда жүргізілді. Быйыл көктем өте құбылмалы болды. Бірақ қажырлылық, жоғары патриоттық сезім, совет адамдарының партияның ісіне шексіз берілгендігі барлық қиындықтарды жеңуге көмектесті. Осы қиындықтарды жеңуге көмектесті. Осы қиындықтармен күресте совхоздардың негізінен жастардан құрылған коллективтер ұйымдастырылып, шыңдалды. Жас патриоттар ерлік пен қажырлылық көрсетіп қана қойған жоқ, олар тапсырылған жұмысқа өздерінің барлық тәжрибесін, барлық шеберлігін аямай жұмсады. Қостанай облысының Комаров совхозының Слепнев жолдас басқаратын № 1 трактор-егіс бригадасы 15 августқа дейін 4. 523 гектар тың жер жыртып, тапсырманы алты жүз гектар асыра орындады. Осы бригаданың механизаторы Климанов жолдас «С—80» тракторымен 54 смена ішінде жұмсақ жерге балағанда 1.053 гектар жер өңдеді, ал тракторшы Павлов жолдас «ДТ-54» тракторымен 704 гектар жер өңдеді. Осы шаруашылықтағы Яровых жолдас басқаратын екінші бригада жоспардан тыс 300 гектарға жуық тың жер жыртты. Тракторшы Разумовский жолдас«С—80» тракторымен 40 сменада жұмсақ жерге балағанда 1. 015 гектар жер жыртты, ал Закиров жолдас, шамамен, осындай жұмыс уақытында, бірақ «ДТ—54» тракторымен—1. 019 гектар жер жыртты. Солтүстік Қазақстан облысында Жамбыл астық совхозының Отрошко жолдас басқаратын бригадасының механизаторлары машиналарды жоғары өнімді пайдалануға—орта есеппен бір сменада «С—80» тракторымен 7,5 гектар, «ДТ—54» тракторымен 4,5 гектар жер өңдеді.

Осы және басқа көптеген мысалдар, ал ең бастысы жаңа жерлерді игеру жоспарының ойдағыдай орындалуы совхоздардағы жаңадан қоныстанушылардың қажырлы еңбек еткенінің дәлелі болып табылады.

Бұдан бір жыл бұрын адамның аяғы баспаған құлазыған далада кәзір жаңа астық совхоздарының 93 поселкесі салынды. Мұнда 1. 800-ге жуық тұрғын үйлер мен жатақханалар салынды, тағы 400 тұрғын үйдің құрылысы аяқталып келеді. Мемлекеттен ұзақ мерзімге несие алып, мыңға жуық жұмысшылар мен қызметшілер өздеріне үй салып алды және салып жатыр. Көптеген тұрмыстық және өндірістік үйлер—тіпті асханалар, мөншілер, ауруханалар, нан пісіретін орындар, гараждар, мастерскойлар, овощь қоймалары, ұста дүкендері, жабық қырмандар салынып пайдалануға берілді және салынып та жатыр. Кешкілікте орталық усадьбалардағы үйлерде электр шамдары жарқырайды. Радио арқылы Москва мен Алматы артистерінің концерттері тыңдалады. Кітапханаларда, клубтарда, қызыл мүйістерде адамдар көп болады. Мектептер, байланыс бөлімшелері жұмыс істейді.

Быйыл Қазақстан совхоздары 1.269 мың гектар дәнді дақылдар жыйнады. Тың жерлерді игеру есебінен егіс көлемін ұлғайту мемлекетке тапсырылатын астықты едәуір молайтуға мүмкіндік туғызды. Мемлекет қоймаларына астық өткен жылғыдан 20 миллион пұт артық тапсырылды. 1955 жылы республика совхоздары дәнді дақылдарды быйылғыдан үш есе көп егеді. Егіс көлемін осындай елеулі мөлшерде ұлғайту товарлы астық тапсыруды осыған сәйкес, шамамен, 150—200 миллион пұт көбейтуді қамтамасыз етеді.

Бірақ бұл астық өндіруді арттыру жөнінде партия мен үкмет қойған міндетті орындау жолындағы күресте жасалған алғашқы қадам ғана. Алдағы жылы Қазақстанның совхоздары үстіміздегі жылғыдан едәуір көп жаңа жерлерді игеруі керек. Кәзірдің өзінде-ақ іріктеліп алынған жерлерде астық өндіруге, негізінен, жаздық бидай өсіруге бейімделген жаңадан 300 совхоз ұйымдастырылады. Қазақ ССР-ніңсовхоздары 1956 жылдың өзінде-ақ мемлекетке жарты миллиард пұт бидай, яғни быйылғыдан—10 есе көп астық береді!

Кәзір жаңа совхоздардың директорлары мен мамандары іріктеліп алынуда. Таяу уақыттың ішінде олар жергілікті жерге барып, жерге орналастырушылардан жер участоктерін қабылдап алады және жұмысшылар мен техниканы қарсы алуға әзірлік жұмысын өрістетті. Жаңа совхоздарға механизаторлар мен құрылысшылардың орасан көп армиясы келеді. Көктемде тыңға шабуылдың алдынғы шебіне сөн мыңдаған совет патриоттары шығады.

өсірді. Соның нәтижесінде колхоз міндетті астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап, мемлекетке мыңдаған пұт астық сатты.

Колхозшылар өздерінің еңбекқұнінде 3 килограмнан астық, 2 сомнан ақша алды. Алдыңғы қатарлы колхозшы Иван Косьяненко жолдастың семьясы осы жылдың 9 айында таңқан еңбекқұнінде 250 пұт астық, 3 мың сомнан аса ақша алды. Сол сияқты, малшы С. Елизаров жолдастың семьясы да еңбекқұнге 300 пұт астық, 4 мың сомға жуық ақша алды.

Б. ЖАҚЫПОВ.

Жастар инициативасы

Докучаев атындағы совхоздың комсомол-жастары Ұлы Октябрь революциясының 37 жылдығы қарсаңында 25 километр жерге телефон бағаналарын орнатуға міндеттенін, инициатива білдірді.

7 ноябрь күні совхоздың облыспен тікелей байланыс жасап, хабарласуын қамтамасыз ету үшін жыйналыста қаулы алынған күннің ертеңінде жастардан 39 адам жұмыс басында болды.

Сөйтіп, олар екі күн ішінде 232 бағана шұқырын қазды. Комсомол-жастардың екінші бір тобы дайын шұқырларға іле бағана орнатуда. Енді осындай 76 бағаналық шұқыр қазылып, оларға түгелдей бағаналар орнатылғаннан кейін совхоз облыспен телефон арқылы байланыс жасайтын болады.

В. МИТИН.

Жексенбіліктер

Ауыл-село мәдениет орындарын қысқы маусымға әзірлеуге арналған айлық өткізу туралы облыстық комсомол комитетінің қаулысын Ленин ауданының комсомолдары қызу қуаттауда. Олар жексенбіліктер ұйымдастырып, оқу үйлері мен клубтарды қысқы маусымға әзір етуде колхозшыларға көп көмек беруде.

«Бірлік» колхозының комсомолецтері (комсомол ұйымының секретары Опанов жолдас) екі рет жексенбілік ұйымдастырды. Олар оқу үйін жөндеуден өткізіп, қыска жеткізіпті отынмен қамтамасыз етті. Жексенбіліктерде комсомолецтер Сақыпов, Тілегенова жолдастар ерекше белсенділік көрсетті. Мұндай жексенбіліктер Сталин атындағы, Воровский атындағы колхоздарда да өткізілді.

С. ҚАЗАНБАЕВ.

Қосымша ақы

Калинин атындағы колхоздың (Булаев ауданы) малшылары қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жолында қажырлы еңбек етіп, қосымша ақыға көптеген мал шаруашылығы өнімдерін алды.

Сауыншы Галина Иванова өзінің қарамағындағы сыйырлардан жоспардан тыс 3400 литр сүт сауып, қосымша ақыға 850 литр сүт, 140 килограмм астық және бір бұзау алды. Бұзау күтуші Шевченко жолдасқа қосымша ақыға астықтан басқа бір бұзау берілді.

Т. ТОҒЫБАЕВ.

Тың жерлер игеріліп жатқан аудандарда жаңа темір жол құрылысы

Тобылдың жоғарғы жағынан Ертіс пен Обьқа дейінгі кең -байтақ жерде ұзындығы 2132 километр темір жол құрылысы басталады. Жаңа трассалар басым көпшілігі тартабанды жолдар Қазақстанда көтерілетін тың және тыңайған жерлерді батыстан шығысқа және солтүстіктен оңтүстікке қарай кесіп өтеді. Бұл линиялар жаңа жерлерді тез игеріп, астықты, ауыл шаруашылығының тағы басқа өнімдерін алыстағы пункттерден тасуға көмектесу үшін пайдаланылады.

Қатынас жолдар министрлігі мен Транспорттық құрылыс министрлігі 1955 жылдың августында ұзындығы 850 километр жаңа участоктерде поезд жүрісін уақытша ашуға тиісті.

Құрылысшы- транспортшылар қызу кіріскен бұл жұмыстардың көлемі мен халықшаруашылығындық маңызы біздің ең ірі магистральдарымызды салумен барабар деп есептеу керек. Жобаланып отырған линиялардың ұзындығы Москвадан Мурманскіге дейінгі аралықтай болады: жаңа жолдардың өнбойында дүние жүзіндегі ең жақсы советтік қатты бидай өсіруге жарамды 18 миллион гектар жер жатыр. Бір жылдан кейін бұл дақылдың егіс көлемі Англияда, Австралияда, Бельгияда, Данияда, Голландияда бидай егілген жерлерді қосып алғандағыдан асып түсетін болады.

Ертеден бері халық аз тұратын, жолы жоқ аудандарда темір жол салынатындығы туралы тұңғыш хабарлар жергілікті халықтың ,әсресе тың жерлерді игеруге жаңадан көшіп келіп қоныстанушылардың үлкен назарын аударды. Іздестіруші-зерттеу партияларының, механикаландырылған колонналардың келуі колхоздар мен совхоздарда Коммунистік партияның және Совет үкметінің тың жерлерді игеріп жатқан адамдарға, халық игілігіне деген тағы бір тамаша қамқорлығы деп қарсы алынуда.

1

Жаңа жолдар қай жерлерді басып өтеді?

Газеттегі карта-схема тың жерлер игеретін аудандарда салынатын 1850 километр тартабанды және 282 километр кеңтабанды темір жолдардың бағыты туралы толық түсінік береді.

Жаңа линиялар Қазақстанның дәнді дақыл егетін аймақтарына кіретін Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Көкшетау, Павлодар және Қостанай облыстарын басып өтеді, сондай-ақ ол Чкалов, Курган облыстарының және Алтай өлкесінің жеке аудандарын кесіп өтеді.

Ұзындығы 450 километр Қостанай — Пески —Көкшетау линиясы Қостанай облысының Костанай, Меңдіқара, Обаган, Урицкий аудандары арқылы өтіп, Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь ауданының астығын тасуды қамтамасыз етеді және Көкшетау облысының Айыртау, Рузаев, Көкшетау, Арықбалық ауданлысының Арықбалық ауданын басып өтеді. Атбасардан оңтүстікке қарай «Краснознаменский» совхозына дейін 100 километрлік трасса салынады.

Есіл станциясынан солтүстікке қарай Урицкийге дейін ұзындығы 200 километр темір жол линиясы салынады, бұл Қостанай облысының Урицкий мен Семиозер аудандарына, Көкшетау облысының Рузаев ауданына қызмет етеді. Булаев станциясынан Маленков атындағы совхозға дейін кәзір салынып жатқан 100 километрлік линия Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданын және Көкшетау облысының Чкалов ауданын қамтыйды.

Шілде станциясынан Озерный совхозы арқылы ұзындығы 170 километр линия өтеді, ол Чкалов облысының Адамовск ауданы үшін салынады.

Тұзқала станциясынан солтүстікке қарай Успенкаға дейін кеңтабанды жол салынады. Ұзындығы 250 километр мұндай линия Қарасуық станциясынан Каменьге дейін Обь өзенінің сол жағалауына қарай өтеді. Кейінген бұл жол салуға белгіленіп отырған Барнаулдан Омскіге дейінгі темір жолдың бір бөлігі болмақ.

Жоғарыда көрсетілген линиялардың барлығы 1957 жылдың август айында тұшкілікті пайдалануға берілуге тиіс.

1955 жылдың августына дейін мына бағыттарда уақытша поезд жүрісі ашылады:

ұзындығы 135 километр Қостанай — Пески линиясында Урицкое пунктіне дейін;

ұзындығы 60 километр Көкшетау — Пески линиясында Володарское пунктіне дейін;

ұзындығы 160 километр Курган—Пески линиясында Хрущев атындағы совхозға дейін;

ұзындығы 50 километр Атбасар—Пески линиясында «Победа» совхозына дейін;

ұзындығы 100 километр Атбасар — «Краснознаменский» совхозына дейінгі линияда;

ұзындығы 100 километр Булаев — Маленков атындағы совхозға дейінгі линияда;

ұзындығы 90 километр Есіл—Урицкий линиясында Ломоносов атындағы совхозға дейін;

ұзындығы 75 километр Шілде —Адамовка линиясында;

ұзындығы 80 километр Көкшетау—Қызылту линиясында.

Сонымен Қостанайдан Кайманачихаға дейінгі барлық участокте құрылыс аяқталған кезде ұзындығы 830 километр тартабанды магистраль жасалады. Ол кеңістік бағытта бұрыннан жұмыс істеп келе жаткан кеңтабанды Челябинск — Омск— Новосибирск және Магнитогорск —Ақмола —Барнаул магистральдарымен

2

Астық —тың жерлерде темір жолдарды тез салуға қажеттілікті тудырып отырған ең басты және аса бағалы жүк.

Үстіміздегі жылы Қазақстанның колхоздары, МТС- тері мен совхоздары алдағы жылдың егініне арнап 8 миллион гектардан астам тың және тыңайған жер жыртты, мемлекеттік жоспар 1,7 миллион гектар артығымен орындалды. Осының нәтижесінде республиканың 1955 жылдың егініне арналған егіс көлемі 1953 жылғы 9,2 миллион гектарға салыстырғанда 18,6 миллион гектарға дейін көбейеді. 1956 жылы егіс көлемі 28,5 миллион гектарға жеткізіледі, мұның өзінде 1956 жылдың егініне арналып 10 миллион гектар тың және тыңайған жер көтеру белгіленіп отыр.

Орасан үлкен көлемді егістен жоғары өнім жыйнауды қамтамасыз ету ісіне үлкен көңіл бөлінуде. Бірталай колхоздар мен совхоздарда гектарынан 20 центнерден бидай алу кәзірдің өзінде- ақ орташа көрсеткіш болып есептеледі. Республиканың 1955 жылы көтерілген жерлерінен ССРО-да барлық жаңадан игерілген жерлерде жыйналған өнімнен де мол астық алынады, цифрлар осыны көрсетіп отыр!

Алайда астық, жаңадан салынып жатқан жолдардың тасымал линиялары ретіндегі сыпатын белгілеп, берсе де, ол осы жолдармен тасылатын бірден- бір жүк болып табылмайды. Егер әсресе жер жыртуда және егін жыйнауда машиналар кең қолданылатынын, оларға жанар май, жағар май және запас бөлшектер қажет екенін еске алсақ, жаңа аудандарға тасылатын жүк те анағұрлым көп болмақ.

Ал жаңа жерлер игеріп жатқан аудандар үшін ең қымбаттысы —адамдар. Тың жерлер олардың қолымен көтеріледі, бұрын ешқашан жыртылмаған кең- байтақ жерлерді олар қайтадан өзгертеді. Адамдар, оларға деген қамқорлық ең басты мәселе, бұлар істің ойдағыдай болуын шешеді.

Темір жолдар алыстағы аудандарға жаңа қоныстанушыларды жеткізуге және мұнда жаңа қоныстанушылар үшін не қажеттің бәрін —шырпы мен сабыннан бастап автомобильдер мен құрастырылмалы үйлерге дейін тасып отыруға көмектеседі. Көп жылдар бойына балшық пен сабан бірден- бір құрылыс материалы деп есептеліп келген жерлерге Обь жағасындағы Қызылту және Камень болашақ ірі тас карьерлерінен тас жеткізіледі. Ағаш пен металл әкелінеді.

Кәзір, жаңа тартабанды және кеңтабанды жолдармен астықтан басқа қандай жүк және қай бағытқа тасылатынын талдап айту қыйын. Болашақ станциялардың, деполардың, жүк түсіретін пункттердің орналасатын жерлерін жобада белгілей отырып, зерттеушілер, сонымен бірге жаңа астық

40 мың тонна комплекті күйінде Транспорттық құрылыс министрлігіне беруге міндетті. Транспорт машина жасау министрлігі 16,5 тонна жүк көтеретін тартабанды мыңдаған вагондар, астық тасу үшін 20 тонна жүк сыятын арнаулы вагондар жасап беруге, бұларды көптеп шығаруды жолға қоюға тиіс.

Тартабанды жаңа линиялар қуатты локомотивтермен және мотовоздармен жабдықталады. Қатынас жолдар министрлігі кәзірдің өзінде- ақ сан түрлі мамандықтың кадрларын, сондай-ақ инженер- техник қызметкерлерін, тартабанды темір жолдардың мамандарын даярлауға кірісуі керек.

Біздің ғалымдарымыз тартабанды жолдарды салуға және оларды пайдалануды жолға қоюға көмектесулері керек.

Дегенмен, олар транспорттың бұл саласына мықтап көмектесе алмай келеді. Жақсы оқулықтар керек, тартабанды поездардың жүрісі туралы теорияны талдап шешу керек.

* * *

Тың жерлер игерілетін аудандарда тартабанды жолдар салу құрылысы бірден тоғыз бағытта кең өріс алуға тиіс. Қостанай мен Көкшетау, Курган, Атбасар, Есіл, Булаев, Шілде станцияларына зерттеуші экспедициялардан соң құрылысшылар мен механикаландырылған колонналар келді. Жолтабандарына топырақ төсеудің жұмыс чертеждері берілді. Курган, Қостанай, Атбасар, Булаев және Есіл аудандарында жер жұмыстары басталды.

Алайда ,бірталай құрылыс басқармалары тың жерлерді игеріп жатқан аудандарға жұмысшы күшін, сол сыяқты құрастырмалы үйлер мен механизмдерді жөнелтуді кешіктіріп отыр. Ал құрылыс жұмыстарының басшылары экскаваторларды, бульдозерлерді, скреперлерді және басқа жер қазатын машиналарды неғұрлым тез іске қоса білсе, жұмысшыларды тұрғын үймен қамтамасыз етіп, олардың мәдени- тұрмыс қажеттерін жақсы өтеп отырса, жұмыс ойдағыдай жүргізілмек.

Құрылысшыларға жергіліктi совет және қоғам ұйымдары, совхоздар мен колхоздардың қызметкерлері үлкен көмек көрсететіні сөзсіз. Өйткені, олар тартабанды жолдардың тез пайдалануға берілуіне мүдделі.

Құрылысқа РСФСР-дің, Белоруссияның, Украинаның, Қазақстанның аудандарынан мыңдаған жұмысшылар келеді. ССРО Ағаш өнеркәсіп министрлігі тартабанды жолдарды салатын құрылысшыларға арнап таяудағы екі тоқсанның ішінде 20 мың шаршы метр стандартты үйлер, мыңдаған текшеметр бөрене ағаш, тілін-

Мал қыстатуға әзірліктегі кемшіліктер тез жойылсын

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумы ауыл шаруашылығының, оның ішінде, әсресе мал шаруашылығының артта қалуын тез жоюды талап етті. Мал шаруашылығын шұғыл өркендетіп, алға бастыру — кәзіргі кезде Коммунистік партия мен Совет Үкметінің бірінші кезекке қойып отырған ең негізгі мәселесінің бірі екендігін атап көрсетті. Мал шаруашылығын өркендетуде, әсресе қоғамдық малдың басын арттырып, олардың өнімділігін молайтуда мал қыстату жұмысын ойдағыдай өткізудің ерекше роль атқаратыны кімге болса да мәлім.

Сондықтан ауданда мал қыстатуға әзірлікті бірқатар колхоздар мен совхоздар ойдағыдай жүргізді. Колхоздардың мал қыстатуға әзірлігін тексеру кезінде, әсресе Сталин атындағы, «Путь 12 лет октября», «Көктерек» тағы басқа колхоздардың мал қыстатуға едәуір жақсы әзірленгені анықталды. Бұл колхоздарда малдың қысқы жемшөбі мол әзірленген. Мал қораларының қасына ол шөптер, сабан-топандар толығынан дерлік тасылып жеткізілген. Жөнделуге тиіс қоралар толығынан жөнделіп, жаңа қоралар салынып біткен. Фермаларда істейтін мамандар, мал өсірушілер қатары толықтырылған.

Дегенмен көптеген колхоздардың мал қыстатуға әзірлік жұмыстарында әлі де болса кемшіліктер бар. Бірқатар колхоздардың, МТС- тердің басшылары мен мамандары жемшөп дайындау жұмысын бетімен жіберген. Бұған мысал ретінде Шағлы МТС-нің қамтуындағы колхоздарды алуға болады. Олардың көпшілігінде дайындалған мал азығы қыскы маусымға толық жетпейді. Осыған қарамастан «Северный берег» колхозында 400 гектар, Киров атындағы колхозда 500 гектар, ал «Колос» колхозында 800 гектар жердің шөбі маяланбастан кіреде жатыр. Сабан-топанды жыйнаудың жағдайы да дәл осындай. Бұл колхоздардың председательдері Быков, Дидкин, Мисюрин және МТС директоры Филиппов жолдастар кіреде қалған шөптер мен сабан- топандарды жыйнап алуды ұйымдастырмай отыр. Сонымен бірге колхоздарда мал қораларының жанына жемшөпті тасып жеткізу жұмысы да ұйымдастырылмаған. Мал қоралары жанына жемшөп тасу жұмысы Совет, Сартомар МТС-терінің қамтуындағы колхоздарда да нашар. «Совет», «Красное поле», «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарында мал қораларының жанына жеткізілген жемшөп, дайындалған азықтың небары 4-ақ процанті. Ал, аудандағы ең ірі Ленин атындағы колхоз мал қорасының жанына шөптің 2-ақ процентін тасып жеткізген. Мұны біле тұра МТС директорлары Лымарь, Мақаров жолдастардың шөп тасу жөнінде колхоздарға практикалық көмек көрсетпеуі таңқаларлық жағдай.

Қысқы маусымда мал үшін жылы қора аса қажет. Алайда аудан көлеміндегі 242 ескі қоралардың тек 113-і ғана жөнделуден өтті. Ол жөнделген қоралардың 45-іне ғана дизенфекция жасалған. Тіпті кейбір колхоздарда жөнделді деген қора-

верный берег», Киров атындағы «Қазақстанның 30 жылдығы», «Аралағаш» тағы басқа колхоздардың қораларында оттық, мал байлайтын бас жіптер жоқ.

Көптеген колхоздардың фермалары мал өсірушілермен толықтырылмаған. Аудан колхоздарының фермаларында әлі де болса 41 сауыншы, 37 малшы, 25 бұзау құтуші және 33 жем өлшеп беруші адамдар мен едәуір мал мамандары жетіспейді. Фермаларды кадрлармен қамтамасыз ету ісі, әсресе, «Игілік», Каганович атындағы, «Красный полтавец», «Северный берег» колхоздарында нашар. Бірақ аталған колхоздардың басшылары фермаларға қолынан іс келетін адамдарды жіберу мәселесін шешумен әлі де шұғылданбай отыр.

Қыста малға сабан-топанды, басқа да ірі сабақты азықтарды турап буландырып беру тиімді болатыны мәлім. Алайда Совет, Сартомар МТС-терінің қамтуындағы колхоздарда сабан буландырғыш кухнялар, шөп турағыш жабдықтар әлі күнге дейін іске әзір етілмеген. Мұны әзірлеу, әсресе шөпті аз дайындаған «Совет», «Борьба за коммунизм», «Игілік», «Еркіндік» колхоздары үшін өте-мөте қажет-тік.

Бір айта кететін мәселе, мал қыстатуға әзірлік жұмыстарына жергілікті ауыл-селолық Советтер де өте нашар көмектесіп келеді. Бұл жөнінде, әсресе «Северный берег», Киров атындағы, «Колос», «Қазақстанның 30 жылдығы», «Аралағаш», «Игілік» ,«Красный полтавец», Каганович атындағы колхоздарды қамтыйтын ауыл-селолық Советтерді айтуға болады. Олардағы селолық Советтердің депутаттары, активтері мал қыстату әзірлігіне шын мәнінде араласпай жүр.

Мал қыстатуға әзірлік жұмысы ырғалып- жырғалуды көтермейді. Сондықтан колхоз басшылары, МТС дирекциясы мал мамандары колхозшыларды мал қоралары жанына шөп тасу, сабан- топанды жыйнау мал қораларының жөндеу жұмыстарын тез аяқтау күресіне жұмылдырулары керек. Шөпті, сабанды қоралар жанына тасығанда олардың ысырап болуына жол бермеу қажет.

Кейбір зоотехниктер, мал дәрігерлері, ферма меңгерушілері күнделікті өздерінің міндетті жұмыстарын ойдағыдай атқара алмай келеді. Осыдан барып колхоздарда қоғамдық малдардың қоғыр, аусыл, сарп сыяқты індеттерге ұшырауы жиі кездесіп жүр. Бұл жағдайға төзімдік жасауға болмайды. Сондықтан мал мамандары мен ферма меңгерушілері өздерінің жұмыстарына жауаптылықпен қарауға міндетті.

Сонымен бірге фермаларда малшылардың мәдени- тұрмыс жағдайын жақсарту қажет. Мал өсірушілерге кино көрсету, газет, журналдар, кітап оқуына мүмкіндік жасау, сондай-ақ оларға дәрігерлік көмек көрсету ісіне үнемі назар аудару керек.

Мал шаруашылығын өркендетудің аса жауапты кезеңі— мал қыстатуды үлгілі өткізу малшылар арасында үгіт- бұқаралық жұмыстарын әсерлі, пәрменді жүргізуге де едәуір байланысты. Сондықтан жергілікті ауыл- селолық Советтер мен

рын Көкшетаумен байланыстырады.

Көкшетау облысының Чкалов, Еңбекшілдер, Қызылту аудандары арқылы салынатын ұзындығы 380 километр Көкшетау —Қызылту —Қайманачиха трассасы осылармен бірге Павлодар облысының Ертіс ауданын және Омск облысының Русско -Полянск ауданын қамтиды. Қайманачиха станциясының аймағында бұл линия Ертістің сол жағасына шығады.

Курган станциясынан Пескиге дейін Хрущев атындағы совхоз арқылы 275 километр тартабанды болат жол салынбақ. Бұл Курган облысының Курган мен Лебяжье аудандарын, Костанай облысының Пресногорьков ауданын, Көкшетау облысының Рузаев ауданын, Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь және Преснов аудандарын қамтиды.

Атбасардан солтүстікке қарай Пескиге дейін салынатын жолдың ұзындығы 175 километр болмақ. Ол Ақмола облысының Атбасар ауданының және Көкшетау об-

[illegible] шығарса, шындығын айтқанда, олардың аралығында өтетін болады. Бұл линиялардың басты міндеті —жаңа астықты аудандардан астық тасуды қамтамасыз ету. Қостанай —Пески —Көкшетау —Қайманачиха тартабанды линиялары Ортасибірлік кеңтабанды магистраль жолын салған кезде пионерлік роль атқаратын мезгіл де жетеді.

Курганнан «Краснознаменский» совхозына дейін салынып жатқан 550 километрлік трасса алдағы кезде Қарағандының Уралмен транспорттық байланысын күшейтуді жеңілдетуге мүмкіндік береді.

1955 жылғы августа уақытша поездар жүрісі ашылатын жеке участоктер алғашқы кездердің өзінде- ақ дербестік маңыз алмақ: олар жаңа егіннің астығын тасуға жеңілдік тудырады. Бұл участоктердің соңынан тартабанды жүйелердің бірыңғай тұтас жүйе болып бірігуі жүріс составтарын ойдағыдай реттеп отыруға, бірыңғай график жасауға және үнемі өсіп отыратын жүк тасқындарын өткізуді қамтамасыз етуге қолайлы жағдай туғызады.

[illegible] ларды, совхоз поселкелерін, электр станциясын орналастыру сияқты мәселелерді шешуге де қатысуда. Демек, темір жолдар жаңа аудандар үшін еңбекшілдер жаңа білімдерін жоспарлаушы, ұйымдастырушы бастауышы болып қызмет етеді.

3

Тартабанды рельсті жолдар жұмыс көлемін азайта отырып және қаржыны мейлінше аз жұмсап тез салынып болуға тиіс. Олар тас төселген автомобиль жолдарынан оншама қымбатқа түспейді, мұның есесіне кеңтабанды темір жолдардан анағұрлым арзан болады.

Жер беті тегіс болған жағдайда тартабанды жолдар транспорттың өте қолайлы түрі. Тартабанды жолдарды пайдалануда біздің еліміздің тәжрибесі бай.

Қара металлургия министрлігі үстіміздегі тоқсаннан бастап тартабанды жолдарға арналған рельстер жасауды арттыруға және оларды шпалдарға бекітілген [illegible] материалдарын, көптеген шпалдар жібереді.

Тың және тыңайтқан жерлерді игеріп жатқан аудандарда темір жол линияларын салу — Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің июнь Пленумы тарихи қарарларынан туып отырған аса жауапты, мемлекеттік міндет. Құрылысшы- транспортшылардың және бүкіл теміржолшылардың жаңа линияларды белгіленген мерзімде пайдалануға беруі ең құрметті іс болып табылады.

Темір жолдардың еңбекшілері құрылысшыларға жан-жақты көмек көрсетуге, жұмыс орындарында қажетті техника мен материалдарды неғұрлым тез жеткізіп отыруға міндетті.

Бұл маңызды және шұғыл міндет ойдағыдай жүзеге асырылатыны сөзсіз. Жаңа аудандарда транспорт байланысын өркендету біздің социалистік ауыл шаруашылығымызды одан әрі өрге бастырып, гүлдендіруге, халықтың әл- ауқат күйін жақсарта беруге көмектеседі.

«Гудок» 28 октябрь 1954 жыл.

[illegible] Сол сияқты жаңадан салынып жатқан. 26 қораның екеуі ғана толық бітіп, пайдаланылуға берілді. Бұл қоралардың сырты жөнделіп болғанымен ішкі жабдықтау жұмыстарының өте қанағаттанғысыз екен дігін атап айтуымыз керек. Эсресе «Са-

[illegible] бұл жұмыстарға ерекше көңіл аударуға тиіс.

А. ШАЛҒЫНБАЕВ,
Совет ауданы, еңбекшілер депутаттарының аудандық Совет атқармі председателінің орынбасары.

Мал шаруашылығына бұлай басшылық етуге болмайды

Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелінің (Преснов ауданы) мүшелері қоғамдық мал басын көбейту, мал шаруашылығы өнімдерін арттыру жөнінде жанаямай еңбек етіп келеді. Колхозшылардың мал шаруашылығы саласындағы қажырлы еңбегі өзінің игі нәтижесін беріп те отыр. Колхоздың фермаларында быйыл мал саны өткен жылғыға қарағанда едәуір көбейді. Мал шаруашылығынан алынатын өнімдер артты. Осыған байланысты колхоз үстіміздегі жылы мемлекетке міндетті сүт тапсырудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап отыр. Мұның өзі мемлекетке сүтті көптеп сатуға мүмкіндік берді. Кәзірдің өзінде колхоз мемлекетімізге 300 центнер сүт сатты. Сыйыр фермасының коллективі сыйырдың сүттілігін арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асыра отырып, жыл аяғына дейін мемлекетке кемінде 600 центнер сүт сатпақ. Мал шаруашылығынан алынатын өнімдер жөнінде де осыны айтуға болады.

Сондай-ақ артель мүшелері мал шаруашылығындағы ең жауапты кезең —мал қыстатуды үлгілі өткізуге әзірлік жұмыстарын да ұйымшылдықпен жүргізуде. Олар быйыл жаңадан 5 қора салып, оларды фермалардың пайдалануына берді. Дайындалған жемшөпті мал қоралары жанына тасу жұмысына белсене қатысуда. Бұл істе осы колхозды қамтыйтын Майбалық МТС-нің механизаторлары үлкен көмек көрсетуде. Мұнда қоралар жанына шөп және сабан тасуда 6 трактор жұмыс істейді. Олармен күн сайын жүздеген центнер шөп тасылып отыр.

Дегенмен колхозшылар мен механизаторлардың мал қыстатуға әзірлік жұмыстарындағы осындай қажырлы еңбегін бастап және ұйымдастыруға колхоз, МТС басшылары жете мән бермей отырғанын айта кетуіміз керек. Алдымен колхоз басшылары мал қыстатуға әзірлік жұмыстарының жайымен күнбе-күн шұғылданбайды. Бұл істің қай участокте ойдағыдай, қай участокте нашар жүргізілін келе жатқанын қадағаламайды және нашар жүргізілін келе жатқан жұмыстарды жақсартуға колхозшыларды жұмылдыру ісін кезінде ұйымдастырмайды. Міне мұның өзі мал қыстатуға әзірлік жұмысын жаңжақты жүргізудегі кездесін отырған кемшіліктердің негізгі себебі болып отыр.

Мұны дәлелдеу үшін мынадай фактілерді келтіруге болады. Колхозда быйыл пішен дайындау жоспары орындалмады Осыған байланысты колхоз басқармасы жемшөп қорын сабан-топанды жыйнау есебінен толықтыруға колхозшыларды жұмылдыруы керек еді. Бірақ істің жайы мұның керісінше болып отыр. Осы уақытқа дейін егін алаңдарындағы сабан-топанның көпшілігі жыйналмаған. Сол сияқты олар мал үшін құнарлы азық дайындау жөнінде де кейбір салақтықтарға жол берді. Егін жыйнау кезінде дәнді дақылдардың ұшырынды қалдықтарын мал азығы ретінде қысқы маусымға сақтауды нашар ұйымдастырды. Бұрыннан пайдаланылып жүрген мал қораларын жөндеу жұмысы да қанағаттанғысыз жүргізілді. Соның салдарынан жөндеу жұмыстары осы уақытқа дейін аяқталмай отыр. Осыған қарамастан қора жөндеушілердің еңбегі әлі де болса дұрыс ұйымдастырылмауы қынжыларлық жағдай.

Кәзір мал қоралары жанына шөп тасылуда. Бірақ тасылып әкелінген шөпті ферма меңгерушілері дұрыс есептеп, қабылдап алмайды. Осының салдарынан ферма меңгерушілері Мәнбетов, Сатыбаев жолдастар фермаға қанша шөп тасылып үйілгенін білмейді. Ал, колхоз председателі Кеженов жолдас тасылған шөптің есебін дұрыс жүргізуді ферма меңгерушілерінен қатаң талап етпейді.

Мал шаруашылығына басшылық МТС тарапынан да тиісті дәрежеде емес. Колхоз фермаларында еңбекті көп керек ететін жұмыстар механизаландырылмаған. Малды күту жөніндегі зоотехникалық-малдәрігерлік ережелер дұрыс жүзеге асырылмайды. Мұның басты себебі колхозда зоотехник жоқ. Ал мал дәрігері малшылар арасында өте сирек болады. Бірақ бұл жағдай МТС басшыларын абыржытар емес. Олар колхозды мал шаруашылығы мамандарымен қамтамасыз ету ісін, әсресе мамандардың жұмысқа жауапкершілікпен қарауына басшылық жасау жұмыстарын әлі кезекке қоюмен келеді. Ол-олма, МТС басшылары малға ірі сабақты азықтарды алдын-ала әзірлеп беруге керекті шараларды жүзеге асыруға көңіл бөлмей келеді. Міне, сондықтан жалғыз Аманкелді атындағы колхозда ғана емес, МТС қамтуындағы колхоздардың көбінде жемшөптұрағыш, азықбуландырғыш жабдықтар әзірленбеген.

Колхоз шаруашылығының ірі салаларының бірі —мал шаруашылығына басшылық жасаудағы мұндай кемшіліктерге төзуге болмайды. Сондықтан колхоз, МТС басшылары өз істеріндегі кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, мал қыстатуға әзірлік және оны өткізу жұмыстарына басшылықты жақсартуға тиіс.

С. ҚАНАФИН,
(Өз тілшіміз).

Қысқы спорт маусымына үлгілі әзірленейік

Қысқы спорт маусымы жақындап келеді. Футболшылардың, жеңілатлетшілердің, велосипедшілердің орнына стадиондарға хоккейшілер, шаңғышылар және конькишілер шығады. Демек, енді аз күннен кейін қысқы спорт маусымы басталмақ.

Бұл күндері қаланың спорт қоғамдары қысқы спорт маусымына қызу қарқынмен әзірленуде. Спорт қоғамдарының жанынан хоккейшілер, шаңғышылар және конькишілер секциялары жұмыс істеп, оған қаланың спортпен әуестенуші жастары көптеп қатысуда.

Қаладағы «Динамо» стадионы—жастардың мәдениетті түрде дем алатын сүйікті орнының бірі. Кәзір мұнда каток үшін мұз қатыруға әзірлік жұмыстары жүргізілуде. Су құюға керекті шлангілер жеткілікті, су проводы жұмыс істейді. 400 орындық киім шешетін орынның құрылысы да аяқталып келеді. 10 ноябрьден бастап, стадионда коньки қайрайтын мастерской жұмыс істей бастайды. Стадион барлық жағынан үлгілі әзірленіп, қысқы спорт маусымын 15 ноябрьден бастайтын болады.

Сол сияқты, «Спартак» ерікті спорт қоғамы да қысқа әзірлікті ерте бастан қолға алды. Мұнда конькишілер секциясы 15 сентябрьден бастап жұмыс істей бастады. Оған 25 адам үзбей қатысып жүр. Сондай-ақ, хоккейшілер, шаңғышылар секцияларының жұмысы да жақсы жолға қойылған. Бұл қоғамда көпжылғы үзілістен кейін, быйыл бірінші рет хоккей командасы болмақшы.

Мұнда төменгі спорт коллективтерінде жыйналыстар өтіп, онда қысқы спорт маусымына әзірлік жөнінде мәселелер қаралды. Қысқы спорт түрлері бойынша ГТО значегіне норма тапсыратын топтар құрылды. «Спартак» ерікті спорт қоғамының төменгі коллективтерін құру үшін облыс колхоздарына нұсқаушылар жіберілді. Бірқатар колхоздарда төменгі спорт коллективтері құрылып, олар қысқа әзірлік жұмыстарына қызу кірісе бастады.

Ал басқа спорт қоғамдарын алатын болсақ, істің жайы бұған кері́сінше болып отыр. «Энергия» стадионында өткен жылғыдай быйыл да катоктың жұмыс істемейтін түрі бар. «Энергия» ерікті спорт қоғамының нұсқаушысы В. Баранов жолдас труба және басқа аспаптар жетіспейді деген сылтауды айтып, дәрменсіздікке салынуда.

Шағын двигательдер заводы мен аяқкиім фабрикасында, Киров атындағы заводта спортпен әуестеніп жүрген жастар көптеп саналады. Бірақ, кәсіпорындардың басшылары қысқы спорт маусымына керекті спорт құралдарын алып, олардың спортпен шұғылдануына жағдай жасай алмай отыр. Киров атындағы завод стадионында арнаулы спорт залы да бар. Бірақ ол басқа мақсатқа пайдаланылуда. Завод комитеті, оның председателі А. Балашов жолдас стадионды қысқа үлгілі әзірлеуді естен шығарған. Неге екені белгісіз, стадионның директоры, тәжрибелі футболшы Шабанов жолдас артық қызметкердің қажеті жоқ деген себеппен қызметтен босатылған. Аталған кәсіпорындарының басшылары қысқы спорт маусымына әзірлік жұмыстарын тәзгісіз ұзаққа созуда.

Өткен жылы «Пищевик» ерікті спорт қоғамының баскетболшылары және гимнастшылары спорт сайыстарына қатысып, жақсы көрсеткіштерге ие болды. Бірақ бұл командалардың құрамында ет комбинатының жұмысшылары тым аз, олардың көпшілігі комбинат қамқорлыққа алған № 151 мектептің оқушылары. «Пищевик» ерікті спорт қоғамы советінің председателі Галныкин және ет комбинатының жұмысшы комитетінің председателі Прицкер жолдастар комбинат жұмысшыларын спортқа көптеп қатыстыра алмай отыр.

Аталған ерікті спорт қоғамдары қысқы спорт маусымына әзірлік жұмыстарын жандандырып, оны үлгілі қарсы алуға тиіс. Қала жастарының күн санап өсіп отырған өскелең тілегі ерікті спорт қоғамдарынан, міне, осыларды талап етеді.

Н. ДАНИЛОВ,
Қалалық физкультура және спорт комитетінің председателі.

Тыңдағы аурухана

Біздің аурухана жаңа ұйымдастырылған астық совхозында 1954 жылдың май айынан бері жұмыс істейді. Алғашқы ұйымдастыру жұмыстарын басқа совхоз жұмысшылары сияқты палаткада бастадық. Арнаулы аурухана үйінің жоқтығы, дәрігерлер үшін тұрғын үйлердің жеткіліксіздігі біздің жұмысымызға едәуір кедергі жасады. Бірақ бұл қыйыншылықтарға қарамастан совхоздың дәрігерлері мен медицина сестралары партияның шақыруы бойынша тың игеруге келген патриоттарды дәрігерлік көмекпен қамтуды жақсартуға белсене атсалысумен болды. Совхоздың бөлімшелеріде, бригадаларға жиі барып құрылысшылар мен жұмысшыларға деркезінде дәрігерлік көмек көрсетті.

Біздің ауруханамызда бірқатар кемшіліктер де бар. Мұның негізгі себебі, аурухана үйінің тарлығынан, совхоз басшыларының медицина қызметкерлерін қажетті транспортпен қамтамасыз етпеуінен туын отыр. Совхоздың бөлімшелеріне бару үшін көлік іздеп, уақытты босқа аламыз. Бұл бөлімшедегі ауруларға деркезінде медициналық көмек көрсетуді едәуір қыйындатуда.

Совхоздың директоры Татиевский, партия ұйымының секретары Агапов жолдастар алғашқы ұйымдастыру жұмыстарының қыйындығын айтып, күні осы уақытқа дейін аурухананың үлгілі жұмыс істеуіне қажетті жағдайларды толық жасай алмай отыр. Ал совхозда медицина қызметкерлерінің дұрыс жұмыс істеуіне

ҰЛЫ ОКТЯБРЬДІҢ 37 ЖЫЛДЫҒЫ ҚҰРМЕТІНЕ

СОФИЯ, 4 ноябрь. (СОТА). Болгария еңбекшілері Ұлы Октябрь социалистік Республикасының 31 жылдығын зор өрлеу үстінде қарсы алып отыр. Ондаған кәсіпорындары бұл күндері өздерінің өндірістік жоспарларын мерзімінен бұрын орындағандықтары жөнінде рапорт беруде. Ұлы Октябрьдің 37 жылдығы құрметіне болгар химиялық өнеркәсібі мен Димитровград қаласындағы Сталин атындағы комбинатының алдына октябрь тапсырмасын 114 процентке орындау міндеті қойылған. Комбинат коллективі азот тыңайтқыштарын өндіру жөніндегі екінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Жылдық программаны София қаласындағы «Зебра» комбинаты, Бургас қаласындағы «Словянка» консерв комбинаты және басқа да кәсіпорындары мерзімінен бұрын орындады.

ПОЛЬШАДА ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ДАМУЫ

ВАРШАВА, 4 ноябрь. (СОТА). Польша химия өнеркәсібі халық демократиялық өкмет тұсында кең өрлеу алды. Елде химия өнеркәсібінің жұмыс істеп отырған орындары қайтадан жасалды, сол сияқты жаңадан құрылды.

Кәзіргі уақытта Польшада екі ірі химиялық комбинат —Опольск воеводствосындағы, «Кендзежин» мен Крахов воеводствосындағы Двор комбинаты салынып жатыр. «Кендзежин» химиялық комбинаты таяу уақыттың ішінде ауыл шаруашылығына азот тыңайтқыштарын елдің барлық кәсіпорындарының 1952 жылы бергенінен екі есе артық беретін болады.

НЕРУДІҢ КАЛЬКУТТАДА СӨЗ СӨЙЛЕУІ

ДЕЛИ, 4 ноябрь. (СОТА). Индия хабар бюросының хабарлауы бойынша, Индияның премьер-министрі Неру Қытайға барған сапарынан 2 ноябрьде Калькуттаға қайтып оралып, көпшілік жыйналған митингте сөз сөйлеген, атап айтқанда ол былай деген:

«Қытай халқы соғысты тілемейді. Ол өз елін қалпына келтірумен шұғылдануда және кедейшілікті жою үшін табандылықпен жұмыс істеуде. Қытайдың күші— оның бірлігінде. Индия мен Қытай тарихи түйінмен байланысты, біз бұл достықты сақтауға және нығайтуға тиіспіз».

Премьер-министр өзінің сапарында жаңарған Азияны көргендігін айтқан. «Азия,— деген ол, —өзгеруде. Азия континентінде революция жүріп жатыр. Құлдықтың ескі бұғауы талқандалуда». Қытайда халықтың материалдық тұрмысхалін жақсарту мақсатымен тұрмыстың барлық салаларында да қайнаған жұмыстың жүріп жатқаны ерекше байқалады. Ұлттық қайта құру дәуірінің барлық салаларындағы негізгі қозғаушы күш —халықтың, әсресе жастардың жаппай көрсетіп отырған энтузиазмы болып табылады. Бүгінгі жаңа Қытайдың ұлы күші— оның ұлттық бірлігінде және елді қайтадан қалпына келтіруге шын ықыласымен ниеттенін отырған халықтың энтузиазмінде болып отыр. Индия жөніндегі қытай-индия договорында алғаш рет жарияланған және

Қытай мен Индия арасында достық қатынастардың дамуы

Нерудің ҚХР-ге келген сапары туралы „Женьминьжибао“ газетінің пікірі

ПЕКИН, 1 ноябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі кеше «Женьминьжибао» газеті жарияланған: «Қытай мен Индия арасында достық қатынастардың дамуы» деген редакциялық мақаланы хабарлады, бұл мақала Индияның премьер- министрі Нерудің ҚХР-ге келген сапарына арналған.

Қытай мен Индияның бейбітшілікке ұмтылған ортақ талабы, делінген мақалада, біздің елдеріміздің премьер- министрлері өзара жасасқан достық сапарлардан, сонымен қатар екі елдің арасындағы достық келіссөздерден және мұның нәтижелерінен толық айқын көрінді. Азияда бейбітшілік аймағын құру және ұлғайту жолындағы кедергілерді жою үшін Азия мен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті баянды ету үшін, біздің Индиямен бірлесіп күрес жүргізгіміз келеді.

Біз қандай елдердің болса да басқа елдің істеріне араласуына батыл қарсымыз. Ал біздің өзімізде басқа мемлекеттердің істеріне ешуақытта да араласпаймыз. Біздің елдің халқы кәзір ұлы социалистік құрылысты жүзеге асыруда. Қытай экономика жағынан да, мәдениет жағынан да нашар өркендеген ел. Сондықтан социализм орнату міндеттерін орындау үшін орасан зор күш жұмсау қажет. Қытай халқы бұрын болып көрмеген жігермен өзінің барлық күшін осы ұлы іске жұмсауда, мұның өзі Қытайда болған шетелдердегі барлық достарға айқын болып отыр. Біздің Қытай мен Индия арасында кәзірдің өзінде орнаған бейбіт ымтымақты онан әрі нығайтып, дамыту үшін ғана күрескіміз келмейді, сонымен бірге осындай талап біздіретін басқа елдің жандайымен болса да дәл осындай қатынастар орнатқымыз келеді.

Қытай мен Индия арасындағы достық қатынастардың нығаюы империалистік соғыс өртін тұтандырушыларға ұнамай отыр. Реакциялық американ баспасөзі және американ сыбызғысына қосылып билейтін кейбір ағылшын газеттері Қытай мен Индия арасында жуырда болған келіссөздер кезінде күшті алауыздықтар байқалды деген хабарларды сан рет бастады. Бірақ премьер- министр Неру 20 октябрьде баспасөз конференциясында сөйлеген сөзінде былай деп мәлімдеді: «Бұл хабарлардың бәрінде де негіз жоқ. Индияның кейбір мәселелерге негізгі көзқарасында Қытайдың негізгі көзқарасынан сәл айырмашылық бола тұрса да, дегенмен біздің келіссөздерімізде ешқандай алауыздық болған жоқ, сондықтан да мен арамызда зор келісушілік болып отыр деп айтуға бақыттымын».

Американ империалистерінің әртүрлі елдер арасындағы достық пен ынтымақ қатынастарына жала жабуға тырысқан әрекеті тағы да сәтсіздікке ұшырады. Уолл-стриттің монополистік тобының жалдамалы баспасөзі Азияның екі ұлы державасы —Қытай мен Индияның достығын әлсіретуге тырысуда. Бұл баспасөз премьер- министр Нерудің Қытайға келген сапарына өте наразы екенін ашықтан-ашық білдіруде. Вашингтондағы «Стар» газеті 19 октябрьде редакциялық мақалада: американдар Неру «сапарының сыйпаты мен оның мүмкін болатын нәтижелері жөнінде хауіптену сезімін» бастан кешіріп отыр деп жазды. Бейбітшілікпен қатар өмір сүру принциптерін жүзеге асыру мақсатымен, деп көрсетті бұл газет, Қытай мен Индияның жұмсап отырған күш- жігерінің батыс үшін маңызды, ал мүмкін, қолайсыз нәтижелері болуы ықтыймал. Мұның өзі Қытай мен Индия арасындағы бейбіт ынтымақтың және олардың бейбітшілік аймағын ұлғайту жөніндегі күш- жігерінің американ соғыс саясатының мүдделеріне сай келмейтінін, бірақ бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік мүдделеріне толығымен сай келетінін айқын көрсетеді.

АҚШ-тың астыртын әрекеттері Индо-Қытайда шиеленіскен жағдай тудыруда. АҚШ Пакистанның халқына күшпен қабылдатқан соғыс одағы мен соғыс көмегі кәзірдің өзінде-ақ үрейлі жемістерін бере бастады. Оңтүстік- Шығыс Азияда агрессиялық блок құру, Чан Кай-шидің сатқын бандасына көмек көрсету, герман милитаризмін қайта тудыруды және Батыс Европада соғыс блогін құруды көздейтін саясат —бұл есуастық әрекеттердің бәрі бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік пен хауіпсіздікке елеулі қатер төндіруде.

Премьер- министр Нерудің Қытайға келген сапары бұл елдер арасында өзара түсінушілікті жақсартуға және сенімді арттыруға көмектесті. Қытай—Индия келіссөздері шын пейілді және достық жағдайында жүргізілді. Солай бола тұрса да, біздің елдеріміз арасындағы қатынастарда әлі де көп нәрселер істелмей қалып отыр. Бейбітшілік үшін күресу арқашан да қыйын міндет болып табылады. Біз өзара сенім мен ынтымаққа сүйене отырып, бұл міндетті ойдағыдай орындаймыз. Бұл күмәнсіз.

Халықаралық хауіпсіздікті қорғау жолындағы британиялық конгресте

ЛОНДОН, (СОТА). Бүгін Лондонда халықаралық хауіпсіздікті қорғау жолындағы Британиялық конгрес ашылды. Конгрестің жұмысына әртүрлі саяси, қоғамдық, мәдени және діни ұйымдардың өкілдері қатысуда. Конгрес мүшелерін Лондон келісімінің бекітілуіне қарсы дауыс беруге және герман проблемасы жөнінде жаңа келіссөздер жүргізілуін жақтауға мәжбүр ете алмаймыз».

АҚШ-ТАҒЫ САЙЛАУ ЖАЙЫНДА

НЬЮ-ЙОРК, 3 ноябрь. (СОТА). Ресми емес, бірақ толық алынған мәліметке сәйкес, демократиялық партия өкілдер палатасында 232 орын, республикалық партия 203 орын алған. Өткен сайлауларға қарағанда демократтар 17 орын артық алған.

АҚШ КОНГРЕСІНЕ САЙЛАУЛАРДЫҢ НӘТИЖЕСІ

НЬЮ-ЙОРК, 4 ноябрь. (СОТА). Ресми емес мәліметке қарағанда, 2 ноябрьде өткізілген сайлаулар нәтижесінде АҚШ конгресі 84 шақырылуындағы орындар төмендегіше бөлінген: өкілдер палатасына 232 демократ және 203 республикашыл сайланған. Қолда бар мәліметтер бойынша сенатта демократтар 48 орын, республикашылар 47 орын алады.

Сайланбастан-ақ сенатта өз орнын сақтаған тәуелсіз Сенатор Морзе (Орегон штатынан), баспасөз өкілдеріне өзінің демократтармен бірге дауыс беретіндігін білдірген.

АҚШ-ТАҒЫ КОНГРЕСС САЙЛАУЛАРЫ

Республикашыл партияның жеңілуі

НЬЮ-ЙОРК, 3 ноябрь. (СОТА). 2 ноябрьдегі сайлау уақытында берілген дауыс есебінің аяқталмауына қарамастан, қолда бар мәліметтер мынаны көрсетеді: республикашыл басшы партия сайлауда жеңіліске ұшыраған. 3 ноябрьде Нью-Йорк уақытымен 11 сағат 15 минутте (Москва уақытымен 19 сағат 15 минут) жарияланған толық емес мәліметтер бойынша, демократтар партиясының кандидаттары өкілдер палатасында 219 орын алған. Республикашыл партия өзін тек 179 орынмен ғана қамтамасыз етті. 37 округте өкілдер палатасына сайлаудың нәтижесі әлі анықталған жоқ. Сонымен демократиялық партия кәзірдің өзінде өкілдер палатасындағы орындардың жартысынан артығын алды және американ конгресіндегі төменгі палатаның үстінен байқау жүргізуді қамтамасыз етті. Сенатта орындар әлі түпкілікті бөлінген жоқ. Қолда бар толық емес мәліметтер бойынша, сенатта демократтар 46 орын, республикашылар 45 орын алған, бір орын Орегон штатындағы тәуелсіз сенатор Морзеге беріледі, ол сайлаудан бұрын-ақ өзінің демократ-сенаторлармен бірге дауыс беретіндігін айтқан болатын.

Өткен конгресте, 83 шақырылуында орындар төмендегідей бөлінген еді: сенатта республикашылар 49, демократтар 46, тәуелсіз біреу болған. Сол сияқты, өкілдер палатасында республикашылар 219, демократтар 216, тәуелсіз біреу болған.

Губернаторлар сайлаулары жүргізілген 34 штаттың 18 штатында демократиялық партияның кандидаттары, 12 штатта республикашылардың кандидаттары сайланды.

Конгрестің жаңа құрамы өзінің міндетін атқаруға 1955 жылдың январынан бастап кіріседі.

Республикашыларды қолдаушы газеттер сайлаулар нәтижесі үкмет саясатын қолдамау, болмаса қабылдамау болып табылмайды, дегенді нандыруға тырысуда.

Сайлау уақытында президент Эйзенхауэрден арнаулы қолдау тапқан, республикашыл партияның сенаторы сайлаулар

тар кезір артта қалды. Бұл күндері ауруханаға арналып бір пәтерлі үй бөлінген. Мұнда он койкалық стационар, амбулатория және әйелдер босанатын бөлімше орналасқан. Бұлар дәрі-дәрмектермен және медицина аспаптарымен қамтамасыз етілген. Мұның бәрі совхоздың медицина қызметкерлерінің жемісті жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Енді аз күннен кейін аурухананың операция жасайтын бөлмесі жұмыс істей бастайды. Кезіргі уақытта аурухананың бір медицина сестрасы облыстық аурухана да операция сестрасы мамандығын үйренуде жүр.

Қол жеткен кейбір табыстармен бірге, кемшілікті жұмыстардың бәрі де жоқ емес. Мәселе осы мүмкіншіліктерді орынды пайдалана білуде болып отыр.

Совхоздың аурухана коллективі өз жұмысындағы кемшіліктерді іс үстінде түзеп, жұмысшылар арасында медицина білімдерін кеңінен насихаттайды. Совхоз жұмысшылары мен қызметшілерін медициналық көмекпен қамтуды анағұрлым жақсартып, жаңа астық фабрикасын жасаушылардың өскелең тілегіне сай үлгілі жұмыс істеуге жетіседі.

А. ВАСЯНОВА,

Жамбыл атындағы совхоз ауруханасының меңгерушісі.

Редакцияға хат

Радио торабының аты бар, заты жоқ

Киров атындағы колхозда (Совет ауданы) радио торабы бар. Бірақ бұл радио торабының аты бар да, заты жоқ дауға болады. Олай дейтін себебіміз радио торабы техник жоқ деген сылтаумен 1 августан 15 сентябрьге дейін жұмыс істемей бір ай жарым бойына босқа қарап тұрды. Ал бұл кезде колхоз басшылары радио техникасы жөнінде мамандығы бар Сименко жолдасты дала жұмыстарына пайдаланды. Тек жуырда ғана колхоз басшылары Сименконы радио торабында жұмыс істеуге тағайындады.

Колхозшылар тиісті адам тағайындалғаннан кейін радио торабы үздіксіз жұмыс істейтін шығар, радио арқылы жаңалық хабарларды күн сайын естіп отыратын боламыз деп үміттенген еді. Бірақ іс жүзінде олай болмай шықты. Сименко жолдас өзіне жүктелген жұмысқа жауапсыз қарап, радио торабының белгіленген уақыттарда сапалы жұмыс істеуін қамтамасыз етпей отыр.

Бұл жағдайды біле тұрса да колхоз басшылары Сименко жолдастан радиоторабының жұмысын жақсартуды қатты талап етпейді.

Қ. ЖҰМАШКИН,
Қ. ЗІКІРИН.

Газетіміз уақытында жеткізілмейді

Киров атындағы колхоздың (Преснов ауданы) мүшелері үстіміздегі жылы көптеген газет, журналдарға жазылған болатын. Колхозда хат тасушы да жоқ емес. Демек, колхозшылардың елімізде болып жатқан жаңалықтарды, халықаралық жағдайды күнбе-күн баспасөз бетінен оқып біліп отыруына толық мүмкіншілік бар.

Колхозда хат тасу міндеті Зеленский жолдасқа жүктелген. Зеленский жолдастың өз міндетіне жауапсыз қарауы салдарынан № 3 бригадада тұратын колхозшылар өздерінің газет, журналдары мен хат- хабарларын үнемі уақытында алып оқый алмайды. Газет, журналдар иелеріне өте кеш тапсырылады. Мәселен, мен октябрь айында газетімнің 7-ақ нөмірін алдым. Ал соңғы кезде газеттеріміз мүлде қолға тимейтін болып алды. Бұл кемшілікті жоюға колхоз басшылары да немкетті қарайды.

Зеленский жолдас газет, журналдарымызды қашан уақытында жеткізіп тұратын болар екен?

Н. ДҮЙСЕНБИН.

Монша құрылысын аяқтайтын уақыт жетті

Приишім ауданындағы «Бостандық» ауылшаруашылық артелінде колхозшылардың тұрмыс қажеттерін өтеуге жете мән берілмей келеді. Мәселен, № 3 бригадада 40- тан астам колхозшы семьясы тұрады. Олардың барлығы дерлік қоғамдық әңбекке күн сайын қатысып отырады.

Бірақ колхоз басшылары бригадада тұратын колхозшылардың мәдени- тұрмыстық тілегімен санаспайды, олардың радио тыңдауына, мәдениетті дем алуына қолайлы жағдай жасалмаған. Бригадада қызыл мүйіс жоқ, монша салына бастағалы бес ай болды, содан бері оның құрылысы аяқталмай келеді.

Егіс бригадасының бригадирі Қыстаубаевтың монша құрылысын дереу аяқтатып, оны пайдалануға беретін уақыты жеткен жоқ па?

Қ. ҚАБИЕВ.

бұдан ұш ай бұрын дегенде Чжоу Энь-Лай мен Нерудің бірлескен мәлімдемесінде бекітілген бес принцип жөнінде айта келіп, бұл бес принцип көршілер соған сүйене отырып бейбітшілікпен өмір сүретін ең дұрыс принциптер болып табылады деді. Қытай мен Индия бейбітшілік орнату және нығайту ісінде бір мақсатқа бет бұрып отыр, оның халықтарының күш-жігері дүние жүзіндегі басқа да өркендеген елдердің дәрежесіне жету үшін елді қалпына келтіру жөніндегі ұлы міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған.

СИРИЯ ПРЕМЬЕР -МИНИСТРІНІҢ ҮКМЕТТІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

БЕЙРУТ, 4 ноябрь. (СОТА). Ливан баспасөзі былай деп хабарлайды: 1 ноябрьде Сирия Министрлер Советінің Председателі Фарис Эль-Хури Сирия парламентінде үкмет декларациясын оқыған, атап айтқанда ол былай деген: сыртқы саясат саласында Сирия «тату елдердің бәрімен де шын ықласымен ынтымақтаса жұмыс істейді». Одан әрі былай деген: біз елдің мүддесіне қарсы келетін болмаса оны суверендігінен, тәуелсіздігі мен бостандығынан айыратын, болмаса ақыр аяғында, республикалық тәртіпке нұқсан келтіретін одақтар мен келісімдердің қай қайсысын болмасын қабылдамаймыз».

ФРАНЦИЯ ҰЛТТЫҚ ЖЫЙНАЛЫСЫНДА

ПАРИЖ, 4 ноябрь. (СОТА). Франция-ның Ұлттық жыйналысы француз Коммунистік партиясының қарт қайраткері, «Юманите» газетінің директоры Марсель Кашеннің осы газетте 1952 жылы жарияланған мақаласы үшін сот зерттеуін жүргізуге рұқсат сұраған сот органдарының талабын қабылдамай тастады. Ол мақалада кейбір француз капиталистік трестерінің қулық-сұмдықтары әшкереленген болатын.

СИНЬХУА АГЕНТТІГІ ИЦЗЯНШАНЬ АРАЛЫН БОМБЫЛАУ ЖӨНІНДЕ

ПЕКИН, 4 ноябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі 2 ноябрьде Қытай Халық-азаттық армиясының артиллериялық бөлімдері Ицзяншань аралындағы чанкайшилік әскерлердің позициясын оқтың астына алған. Екі артиллериялық бөлімше құртылып жіберілген деп хабарлайды.

Қытай Халық-азаттық армиясының артиллериясы мен авиациясының соңғы уақыттарда берген соққысынан Ицзяншань аралындағы чанхайшилік әскерлер едәуір зиян шеккен.

ИРАН ГАЗЕТІ ИРАНДЫ ОРТА- ШЫҒЫС БЛОГЫНА ТАРТУДАҒЫ ЖАҢА ӘРЕКЕТТЕР ТУРАЛЫ

ТЕГЕРАН, 3 ноябрь. (СОТА). «Толу» газетінің хабарлауы бойынша Англия сыртқы істер министрі орынбасарының көмекшісі Шакбэрг 1 ноябрьде Иранның сыртқы істер министрі Энтезаммен кездесіп, «Жерорта теңізінің Шығыс бөлігінде қорғаныс ұйымын құру» мәселесі жайында әңгімелескен.

мен Нерудің бірлескен мәлімдемесінде бекітілген бес принцип жөнінде айта келіп, бұл бес принцип көршілер соған сүйене отырып бейбітшілікпен өмір сүретін ең дұрыс принциптер болып табылады деді. Қытай мен Индия бейбітшілік орнату және нығайту ісінде бір мақсатқа бет бұрып отыр, оның халықтарының күш-жігері дүние жүзіндегі басқа да өркендеген елдердің дәрежесіне жету үшін елді қалпына келтіру жөніндегі ұлы міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған.

СИРИЯ ПРЕМЬЕР -МИНИСТРІНІҢ ҮКМЕТТІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

БЕЙРУТ, 4 ноябрь. (СОТА). Ливан баспасөзі былай деп хабарлайды: 1 ноябрьде Сирия Министрлер Советінің Председателі Фарис Эль-Хури Сирия парламентінде үкмет декларациясын оқыған, атап айтқанда ол былай деген: сыртқы саясат саласында Сирия «тату елдердің бәрімен де шын ықласымен ынтымақтаса жұмыс істейді». Одан әрі былай деген: біз елдің мүддесіне қарсы келетін болмаса оны суверендігінен, тәуелсіздігі мен бостандығынан айыратын, болмаса ақыр аяғында, республикалық тәртіпке нұқсан келтіретін одақтар мен келісімдердің қай қайсысын болмасын қабылдамаймыз».

ФРАНЦИЯ ҰЛТТЫҚ ЖЫЙНАЛЫСЫНДА

ПАРИЖ, 4 ноябрь. (СОТА). Франция-ның Ұлттық жыйналысы француз Коммунистік партиясының қарт қайраткері, «Юманите» газетінің директоры Марсель Кашеннің осы газетте 1952 жылы жарияланған мақаласы үшін сот зерттеуін жүргізуге рұқсат сұраған сот органдарының талабын қабылдамай тастады. Ол мақалада кейбір француз капиталистік трестерінің қулық-сұмдықтары әшкереленген болатын.

СИНЬХУА АГЕНТТІГІ ИЦЗЯНШАНЬ АРАЛЫН БОМБЫЛАУ ЖӨНІНДЕ

ПЕКИН, 4 ноябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі 2 ноябрьде Қытай Халық-азаттық армиясының артиллериялық бөлімдері Ицзяншань аралындағы чанкайшилік әскерлердің позициясын оқтың астына алған. Екі артиллериялық бөлімше құртылып жіберілген деп хабарлайды.

Қытай Халық-азаттық армиясының артиллериясы мен авиациясының соңғы уақыттарда берген соққысынан Ицзяншань аралындағы чанхайшилік әскерлер едәуір зиян шеккен.

ИРАН ГАЗЕТІ ИРАНДЫ ОРТА- ШЫҒЫС БЛОГЫНА ТАРТУДАҒЫ ЖАҢА ӘРЕКЕТТЕР ТУРАЛЫ

ТЕГЕРАН, 3 ноябрь. (СОТА). «Толу» газетінің хабарлауы бойынша Англия сыртқы істер министрі орынбасарының көмекшісі Шакбэрг 1 ноябрьде Иранның сыртқы істер министрі Энтезаммен кездесіп, «Жерорта теңізінің Шығыс бөлігінде қорғаныс ұйымын құру» мәселесі жайында әңгімелескен.

дері қатысуда.

Председательдік етуші Гордон Шаффер конгресті ашып, оны Англиядағы бейбітшілікті қорғау қозғалысының тарихындағы «ең кең және өкілдер негұрлым көп қатысқан» бейбітшілікті жақтаушылар съезі ретінде сыйпаттады. Кезіргі кездегі халықаралық жағдайға талдау жасай келіп, Шаффер лисынмандықтар мен чанкайшиліктердің сыртқан берілген нұсқауларға сүйеніп, Қыйыр Шығыста орнатылған бейбітшілікті бұзуға әрекеттенін отырғанын атап көрсеткен. Европада халықтардың қарсылық көрсетуіне қарамастан Батыс Германиядағы гитлерлік соғыс машинасын қалпына келтірудің американдық жоспары жүзеге асырылуда. «Біз, —деген Шаффер —соғысқа әкеліп соқтыратын саясат бағытына қарсыласуға жету үшін ғана емес, сонымен қатар бейбітшілікті қамтамасыз ететін саясат жүргізілуіне жетуге берік бел байлағанбыз. Біз өзіміздің халықаралық хауіпсіздікті қорғау жолындағы конгресімізді де осы себептен шақырдық».

Тату көршілестік қатынастар мен бейбіт қатар өмір сүру принциптері бейбітшілік пен хауіпсіздіктің кепілі болып табылатынын атап көрсете келіп, Шаффер Европада бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін Батыс Германияны қаруландырудың американ жоспарын жүзеге асырмау, коллективтік хауіпсіздік системасын құру, сондай-ақ жаппай қырып жоятын қаруға тыйым салынуына және қару-жарақтың қысқартылуына жету қажет, деген.

Сөзінің қорытындысында Шаффер былай деп мәлімдеген: «біз үкметімізден атом қаруына тыйым салу және қарусыздандыру туралы келісім жасау саясатын жүргізуді талап етіп отырған күштерді күреске жұмылдыра аламыз. Біз парлламентінің председателі Фергюсонның Мичиган штатындағы жеңіліс табуы ерекше назар аударады. Ассошиэйтед Пресс агенттігі «бұл жеңіліс Кеннукки мен Невада штаттарында сенатқа дауысқа салынуда демократтарға жеңіс әперген республикшылдарға үйренішкті әдет болып табылады»..., деп жазады.

Қолда бар толық емес мәліметтер бойынша, республикашылар Нью-Йорк, Пенсильвания, Мичиган, Конектикут және Нью-Деерси сыяқты өнеркәсіпті штаттарда да көптеген орындарын жоғалтқан, бұл штаттарда жұмыссыздықтың кеңінен таралуы және үздіксіз өсуі салдарынан жұмысшылардың жағдайлары нашарлауда. Пенсильвания штатының ауандарында жүз мыңдаған жұмысшылар жұмыссыз қалып отыр, мұнда соңғы 30 жыл бойына губернатор сайлауында республикашылар алғаш рет жеңіліс тапты. Нью-Йорк штатында да соңғы 12 жыл бойына губернатор сайлауында республикашылар жеңіліске ұшырады. Тоқыма, аяқкиім және басқа да өнеркәсіп орнықтарында жұмыссыздық ерекше күшті байқалып отырған Жаңа Англия штаттарында республикашылар, сол сыяқты, көптеген орындарын жоғалтты.

ЕГИПЕТТЕГІ ТҰТҚЫНДАУЛАР

КАИР, 4 ноябрь. (СОТА). Журналистер топтарының хабарлауы бойынша, Египет үкметінің өкілі 3 ноябрьде «Мұсылмандар туысқандығы» ассоциациясы қайраткерлерінің тұтқынға алынған адамдары 600-ге жеткен деп мәлімдеген. Оның ішінде 447 адам премьер-министр Насерге қастандық жасауға қатысы бар деген айыппен тұтқындалған.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

Будан кейін сөз сөйлеген герман проблемасын бейбіт жолмен шешуді жақтаушылардың ағылшын координациялық комитетінің председателі Джон Элтон Батыс Германияны қаруландыру туралы Лондон және Париж келісімдерін қатты сынады. Ол Совет Одағының 23 октябрьде енгізген ұсыныстары герман проблемасын шешуге және Европада бейбітшілік орнатуға жол ашады, деп көрсетті.

Белгілі ағылшын ғалымы атомшы Буроп өзінің сөзінде дүние жүзі халықтарының атом соғысының алдын алуға деген сенімі күннен-күнге нығаюда екенін атап көрсетті. Ол Совет Одағының БҰҰдағы ұстаған позициясының нәтижесінде атом қаруына тыйым салу және қару-жарақты қысқарту туралы келісімнің жасалуы бұған дейінгі қай кездегідей болса да мүмкін болып отыр, деп көрсетті.

Муниципальдық советтің мүшесі Ковентри Диксон, «Шардлоу» машина жасау заводы (Шеффилдте) жұмысшыларының өкілі Дж. Тэйлор, Англияның белгілі қоғам қайраткері Сефора Дэвис, өрт сөндірушілер кәсіподағының председателі Джон Бэрнс, конгресте сөйлеген басқа да адамдар ағылшын халқының мүдделеріне қайшы келетін Батыс Германияны қаруландыруды қуаттаған саясат жүргізіп отырғаны үшін лейбористік партия мен тредюниондардың британиялық конгресінің басшыларын айыптады.

Уэндсуорт ауданының (Лондон) бейбітшілікті қорғау советінің тапсыруы бойынша сөз сөйлеген священник Брин Томас Герман мен Франция-ның халықтары гитлерлік соғыс машинасының қалпына келтірілуін тілемейді, олардың ағылшын халқын қолдайды деп есептеуіне правосы бар, деп мәлімдеген.

ПЕТРОПАВЛДЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ УЧИЛИЩЕСІ

Балалар яслилерінің медициналық сестраларын даярлайтын бір айлық оқуға оқушылар қабылдайды. Оқуға 17 жастан 30 жасқа дейінгі қыздар алынады. Оқуға түсуші толық орта білімі барлардан қабылдау емтиханы алынбайды.

Оқуға қабылданғандарға айына 140 сом стипендия төленеді.

Балалар яслилерінің медициналық сестраларын даярлайтын курсты бітіріп шыққандарға балалар яслилерінің медициналық толық орта білімі бар медициналық сестрасы деген мамандық беріледі және олар басқа мамандықтағы орта медициналық қызметкерлер үшін тағайындалған барлық праволармен және жеңілдіктермен пайдаланатын болады.

Оқуға түсушілер училище директорының атына жазған арыздарымен мына документтердің көмелеттік аттестатын (түп нұсқасы), туған жылы туралы куәлігінің натариус анықтаған көшірмесін, өмірбаянын, денсаулығы туралы және тұрған жерінен алған анықтамаларын, 3 фотосуретін қоса тапсырулары керек. Паспортын өздері келгенде көрсетеді.

Арыздар осы жылғы 10 ноябрьге дейін қабылданады.

Оқу 11 ноябрьде басталады.

Медициналық училищенің адресі: Петропавл қаласы, Пролетар көшесі, 4-үй.

Кинолларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ЛЕНИН 1918 ЖЫЛЫ»

Сеанстар сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ДАУЫЛ»

Сеанстар сағат 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

Петрпавл қаласы, Дзержинский көшесіндегі, 46-үйде тұрушы Николай Титович Русов Петропавл қаласы, Дзержинский көшесіндегі 46-а үйде тұрушы Мария Артемьевна Русовадан айрылатындығы туралы арыз берді.

Іс Петропавл қаласы, 1 -участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретарнат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Ґазет баспасы —5-53, ґазет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02699 Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі. Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.